

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар үшін
балалардың жазғы демалысы бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі
әдістемелік нұсқаулықтар**

Астана – 2014

Балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар үшін балалардың жазғы демалысы бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар (әдістемелік нұсқаулар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014., - 65 бет.

Құрастырушы:

С.Д. Салбенбекова – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК әлеуметтік-педагогикалық бөлім әдіскері.

Әдістемелік нұсқаулар балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар үшін балалардың жазғы демалысы бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі материалдарды қамтиды.

Әдістемелік нұсқаулар тәлімгерлерге, әдіскерлерге, ұйымдастырушы-педагогтерге, қосымша білім беру педагогтеріне ұсынылады.

Мазмұны

Кіріспе	4
Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру түрлері мен құрылысын дамытудың мән-жайы, бетбұрысы және келешегі	6
Қала сыртындағы балалар лагерьлерінің қызметі бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	10
Күндізгі уақыттағы лагерьдің қызметі бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	17
1-қосымша. Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруды нормативті-құқықтық қамтамасыз ету	24
2-қосымша. «Чапаев негізгі мектебі» ҚММ-нің «Күншуақ» мектеп жанындағы балаларды сауықтыру лагерінің жазғы демалысты ұйымдастыру бағдарламалары	38
3-қосымша. Теміртау қаласы №27 ЖОББМ-нің «Қиял-ғажайып ел» балаларды сауықтыру ұйымында Балалардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру бағдарламалары	52
Қолданылған әдебиеттер	65

Кіріспе

Демалысты ұйымдастыру, балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайту мемлекетіміздің маңызды міндеттері болып табылады. Мемлекеттік саясат аясында соңғы жылдары балалардың демалысы мен денсаулығын нығайтуға айрықша назар аударылуы білім беру мен тәрбиедегі сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Балалардың сапалы демалуы және сауықтырылуы олардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, денсаулығын сақтау және нығайтуды, кәметке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын-алуды, балаларды салауатты өмір салтына дағдыландыруды, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орындалған жайлы қоршаған ортада тамақтану және өмір сүру тәртібін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы болып анықталады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы кардиналдық өзгерістер каникул кезінде балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайтуды ұйымдастырудың әр түрлі модельдерін құру, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуда білім беру жүйесінің алдына принципті жаңа мақсаттарды қояды.

Қазіргі уақытта қоғам нақты педагогикалық жүйелерде, оның ішінде жазғы кезеңде тұлғаға және оның өзін-өзі тануына бағытталған білімнің мәдени мақсатын іске асырудың қажеттілігін мойындады. Білім беру ұйымдары балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайтуды ұйымдастырудың негізгі ұйымдастырушылары болып қала береді. Қазіргі уақыттағы балалардың жазғы жұмыспен қамтылуы – бұл тек әлеуметтік қорғау емес, бұл заманауи өмірді ескере отырып, жас адамның әлеуметтенуі үшін жағдай жасау, шығармашылықты дамыту, баланың танымдық және рухани әлемін байыту аясы.

Мемлекет пен қоғамның әлеуметтік тапсырысын нәтижелі және тиімді орындау үшін – ХХІ ғасырда өмір сүретін және қызмет атқаратын болашақ азаматты оқыту мен тәрбиелеуде балалардың демалысын ұйымдастырумен тікелей байланысқан білім беру ұйымдарының жұмыс жоспарларын қайта қарастыру мәселесі туындап отыр. Қазіргі таңда білімнің алдындағы ең маңызды әлеуметтік мақсаттың бірі – білім алушылар мен тәрбиеленушілерді физикалық тұрғыдан дамыту, денсаулықтарына күтім жасау.

Оқу-сауықтыру лагерьлері мен демалыс орталықтарын ұйымдастыру қажеттілігі артты, себебі балалар неғұрлым сапалы демалса, соғұрлым олар өздерінің күш-жігері мен денсаулығын нығайта алады, бұл оқу-тәрбие үдерісіне де тікелей тәуелді. Каникул уақыты ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына және баланың оқу үлгіріміне қарамастан, барлық балалардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі тәрбие мемлекеттік білім саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы 2012-2015 жылдарға арналған

тәрбиенің кешенді бағдарламасы – жалпы білім беретін мемлекеттік білім стандартының бір құрама бөлігі. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес балалардың барлығы мемлекеттің қорғауында. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу сұрақтары Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы» заңдарымен және нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыруда әр баланың бос уақытына аса мән беріледі.

Балаларды демалысына қолайлы жағдай жасау сауықтыру лагерьлерінің маңызды мақсаты болып табылады. Әр лагерьдің даму болашағы оның жаңа нысандарына, технологияларына, ұжымның инновациялық экспериментті-зерттеу жұмыстарына тәуелді. Ол қоғам мен ата-аналардың, балалар мен педагогикалық ұжым алдында тұрған барлық мақсаттарды шешу аманаты болып табылады.

Лагерьдегі жағдай үйдегіден өзгеше, ол бағдарламалар мен мақсатты анықтаудағы негізгі фактор болып табылады. Балалар құрдастарымен бір топ ішінде бірге өмір сүру арқылы әлеуметтік өмірге және оның нормаларына, ұжымдағы тәртіпке, қарым-қатынас мәдениетіне үйренеді, қабілеттердің ашылуын, жаңа бастамалардың пайда болуын, салауатты өмір салты мен қауіпсіздік ұстанымын меңгеруді үйренеді. Мұндай мүмкіндіктер сирек кездеседі. Лагерьдегі педагогтің мақсаты – осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру.

Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру түрлері мен құрылысын дамытудың мән-жайы, бетбұрысы және келешегі

Қазақстандағы қосымша білім беру қазіргі уақытта түрлі үлгідегі қосымша білім беру ұйымдарында іске асырылуда: оқушылар сарайлары (үйлері, кешендері, балалар-жастар шығармашылығы орталықтары және т.б.); жас натуралистер станциялары (балалардың экологиялық, биологиялық орталықтары, экобиоорталықтар); жас техниктер станциялары (балалар мен жастардың техникалық шығармашылығы орталықтары, мектептері); жас туристер станциялары (балалар-жастар туризмінің орталықтары), балалар аула клубтары (басқа клубтық бос уақыт өткізу ұйымдары); балалардың өнер мектептері (балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері және басқа да көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер); балалар сауықтыру лагерьлері (орталықтар, кешендер, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлері мен күндізгі лагерьлер) және қызмет бағыттары мен балалардың қызығушылықтары бойынша басқа да ұйымдар.

Каникул кезеңінде білім беру ұйымдары базасында оқушылардың күндізгі лагерьлері жұмыс атқарады, олар қалада қалған балалардың белсенді бос уақытын ұйымдастыруды мақсат тұтады.

Педагогтар мектеп жанындағы алаңдарда оқушылармен спорттық, білім беру, танымдық, көңіл көтеретін жұмыстарды жүргізеді. Мәдени-көпшілік іс-шаралар, кинотеатрға саяхаттар және экскурсиялық серуендер өткізіледі.

Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдерді сапалы демалыспен қамту және қосымша біліммен қамтылған бала санын көбейту мәселелерін қаланың мәдени кеңістігі шеңберінде балалардың бос уақытын тұратын жерлерінде ұйымдастыру алаңдарын құру арқылы да шешуге болады.

Бос уақытты ұйымдастыру алаңдары мен аула клубтарының қолайлы орналасуы (мектеп аулаларында, тұрғын үйлер аумағында, спорттық алаңдарда, балалар орталықтарында) балаларының өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігіне ата-аналардың алаңдауын басуға едәуір мүмкіндіктер туғызады.

Аула клубтарының бірегейлігіұжым құрамының ауыспалылығымен, бос уақытты белсенді пайдалану, қызмет түрлерін ауыстыру, көшбасшылар және өз ауласында, шағын ауданында жолдастары арасында жоғары дәрежеде беделді болып, өздеріне тарта жүріп түрлі қызықты істерге қосатын балаларды ынталандырумен танылады.

Аула клубтары жұмысының маңызды кезеңдері міндетті түрде төмендегілерді қамтуы тиіс: ұштастыруларды құру, «аула» ортасындағы қарым-қатынастарды оңтайландыру, жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін ойындар арқылы, өз мінез-құлқына жеке басты жауапкершілік,

құрдастарының арасында шиелініссіз қатынастар дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асыру.

Жоғарыда аталған ұйымдардың арасында жазғы (күзгі, қысқы, көктемгі) сауықтыру лагерінің балалар мен жасөспірімдер үшін айтарлықтай артықшылықтары бар, олардың ең бастылары:

- балалар мен жасөспірімдердің өз ұстаздары – отряд тәрбиешілері және тәлімгерімен тығыз және сенімділікпен әрекеттесуі;
- табиғи және әлеуметтік ортаның жаратылыс жағдаяттарында салауатты және қауіпсіз өмір салтына қосылуы;
- денсаулығын нығайту және экологиялық мәдениетін көтеруге ықпалын тигізетін табиғатпен белсенді қатынаста болуы;
- өзіне қызықты іспен айналысуына, тәні мен жанын қалпына келтіруге мүмкіндік туғызатын демалыстар, ойын-сауықтар, әр түрлі хоббилердің болуы;
- тұлғасының әлеуетін толығырақ ашуға мүмкіндіктер беретін жаңа дағдыларды қалыптастыруы және дамытуы.

Түрлі үлгідегі жазғы лагерьлерінің жұмыс тәжірибесі көрсеткеніндей, бұл жерлерде балалар: практикалық, шығармашылық, зерттеушілік, қоғамдық, жанашылдық қызметтері арқылы, қарым-қатынас құру, жетістікке жету, көңілінің қалуы, сәттілік пен сәтсіздікке ұшырау сияқты сан алуан әлеуметтік тәжірибесін жинақтайды.

Кез келген жағдайларда түрлі рөлдерді игеру арқылы балалар жаңа ортаны меңгереді, оған бейімделеді, жаңа өмірлік тәжірибелерді бойына сіңіреді.

Қазіргі таңда байқалған өте маңызды беталыс – жергілікті білім беру басқару ұйымдарының балалардың демалыс пен сауықтырылуын жазда да, сонымен қатар «кіші демалыс» кезінде де жандандыруы.

Қысқы және жазғы сауықтыру лагерьлері, туған өлкесін зерттеу мақсатындағы жоғары сынып оқушыларының көктемгі-күзгі экологиялық-туристік жорықтары, жаңа жыл мерекелері кезіндегі таза ауада бос уақытын ұйымдастыру бағдарламалары, көктемгі және күзгі демалыстар кезіндегі жастар қозғалысы мен бірлестіктерінің белсенділеріне арналған лагерьлері, жас математиктер, тілтанушылар, экологтар, спортшылар, саяхатшылардың бейінді лагерьлері, түрлі спорттық-туристік жарыстар мен сайыстар балалардың бос уақытын маңызды өткізуге, өмірге қажетті еңбек пен кәсіби дағдыларын қалыптастыруға және дендерін сауықтыру, қалпына келтіруге елеулі әсер тигізеді.

Балалардың сауықтыру лагері табиғи ортадағы тұрақты база жағдайында немесе шатырлы лагерь түрінде жүзеге асырылады.

Тұрақты лагерь жыл бойы немесе маусымдық ауысымда қызмет атқарады.

Шатырлы лагерь жылжымалы түрде қызмет көрсетеді. Шатырлы лагерьдегі отряд 10-15 баладан құралады.

Лагерьдегі жұмыс тәртібінің мазмұны мен ұйымдастырылуы, орналасуы, құрылуы, санитарлық ережелерінің талаптарына және табиғи-климаттық жағдайларына сай болуы тиіс.

Лагерь басшысы балаларды медициналық көмекпен қамтамасыз етуі тиіс. Медицина қызметкерлерінің жұмысына, лагерьдегі балалардың денсаулығын сақтау және қорғауға қажетті жағдайлар жасалады.

Лагерь орналасқан жердің өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-эпидемиялық мемлекеттік бақылауының қажетті рұқсатнамасы болған жағдайда лагерьдің ашылуы жүзеге асырылады.

Лагерьдегі балалардың дене шынықтыруына, спортпен, туризммен айналасуына, қоршаған орта туралы білімін тереңдетуіне, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуына, қоғамдық-пайдалы еңбекпен айналысуына, толыққанды тамақтануына, мәдени және сауықтыру іс-шараларды өткізуіне, экскурсиялар, жорықтар, ойындар, қызығушылықтары бойынша бірлестіктерге бірігуіне жағдайлар жасалады.

Балалар бірлестіктерінің жұмыс кестесін балалардың демалу режимінің жайлы болуын, жас ерекшеліктерін және бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларының сақталуын ескере отырып, лагерь әкімшілігі құрайды және бекітеді.

Балаларды лагерьге қабылдаудың жалпы тәртібін құрылтайшы белгілеп, лагерь жарғысымен бекітеді.

Балалармен атқарылатын жұмыс түрлеріне қарай қызмет бағыттары әр түрлі болуы мүмкін:

- спорттық-сауықтыру (турнирлер, спорттық ойындар мен сайыстар, мерекелер);
- экология-өлкетану (жорықтар, экскурсиялар, рейдтер, десанттар);
- зияткерлік-танымдық (викториналар, сұхбаттар, лекторийлер, мәдени-бос уақыт мекемелерге бару, танымал адамдармен кездесу, тренингтер);
- көркем-эстетикалық (конкурстар, көрмелер, мерекелер, концерттер, шоу, дискотекалар, ойындық және көңіл көтеретін танымдық бағдарламалар, «кәдесый бригадасының» жұмысы).

Елімізде соңғы жылдарда балалардың демалуын, сауықтырылуын және бос уақытын ұйымдастыруда бірқатар оңтайлы дамытуға бетбұрыстар орын алды. Олар:

- демалыстың ұйымдастырылған түрлерімен қамтылған балалар санының өсуі;
- балалар демалысын, сауықтыру мен бос уақытын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін бағдарлы-әдістемелік және әдістемелік жолдамасы деңгейінің артуы;
- балалардың бос уақытын ұйымдастыру мен қызметіне ата-ана мен қоғамның көңіл бөлуінің күшеюі;
- балаларға қосымша білім берудің тәрбиелік құрамдасының күшеюі;

- балаларға қосымша білім беру жүйесінің қоғам мен мемлекеттің арнайы саясатының нысаны немесе құрамдас бөлігіне айналуы;
- балаларға қосымша білім берудің: құзыреттілікті қалыптастыруға (тұлғалық, әлеуметтік, білімдік, азаматтық, шығармашылық), көшбасшы дағдыларына ие болуға, әлеуметтік рөлдерді қабылдауға, өзін-өзі тануға, топта жұмыс жасауға, шиеленістерді шешуге, тілдерді үйренуге бетбұрысы;
- қосымша білім беру жүйесі педагогтарының кадрлық әлеуетін сапалы дамыту: кәсіптік қызметінің әдіснамалық, әдістемелік, практикалық және қолданбалы құрамына бірден-бір көңіл аударылуы.

Пайымдауымыз бойынша бүгінгі таңда каникул кезеңіндегі түрлі бағдарламалар бойынша демалған балалар мен жасөспірімдердің санын көбейту жөніндегі өзекті мәселені шешу жолдарының бірі болып, білім беру инфрақұрылымын дамыту және балалар мен жасөспірімдерді сауықтырып демалдыратын барлық түрдегі және құрылымдардағы мекемелердің меншік иелігіне және кімге қатысты екеніне қарамастан мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылуы қажет.

Қала сыртындағы балалар лагерьлерінің қызметі бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

Бағдарлама – көптеген балалар лагерьлеріндегі педагогикалық ұжым қызметіндегі нысаншылдық пен ретсіздікке қарсы күрес тәсілі, сонымен бірге бағдарлама әзірлеу лагерь педагогтері мен әкімшілігін өз қызметінің мәнін, тәрбиелік бағдарын түсінуге «мәжбүрлейді» [1].

Бағдарлама лагерьдегі нақты жағдайды ескере отырып әзірленетін, балаларды тәрбиелеу, сауықтыру және дамыту жұмысын ұйымдастырудың дәстүрлі емес моделін көрсетуі қажет. Бағдарлама балалар лагерьі үшін әзірленетінін ескерсек (лагерьдегі балалардың, әкімшіліктің, педагогтер мен қызметкерлердің бірігіп, күш салып жұмыс атқаруы), мынандай түйін жасауға болады: бағдарлама педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларына бірлескен әрекеттің мақсатын түсінуге, күтілетін нәтижелерді анықтауға және соған байланысты бірлескен қызметті (балалардың жақсы демалуы, ал лагерь командасының жақсы жұмыс атқаруы үшін) үйлестіруге көмектеседі [1].

Бағдарлама дегеніміз не?

Біріншіден, *бағдарлама* – бұл белгілі бір кезеңде лагерьдегі балалар мен ересек ұжымның жұмыс жүйесі және мазмұны көрсетілген құжат.

Екіншіден, бағдарлама – программалау үдерісінің нәтижесі. *Программалау деп оның астындағы лагерь (немесе бірлестік) қызметінің тактикалық және стратегиялық мақсатын нақты анықтау, негізгі бағыттың жүзеге асуын сипаттау мен тиімді формаларды, әдістерді және олардың жетістіктерін таңдау деп түсіну қажет [1].*

Педагогикалық бағдарламаның астында мақсат, міндеттерді, мазмұн мен педагогикалық қызметті ұйымдастыру әдіс-тәсілдерді, сонымен бірге оның болжанатын нәтижелерін анықтайтын ерекше құжат деп түсіндіріледі.

Бағдарламаны анықтау құжат ретінде оның қызметіндегі логика мен ережесін, мазмұнның мөлшері мен оны жүзеге асыру принциптерін қамтамасыз ететін регламентін сызып көрсетеді.

Бағдарлама – педагогикалық идеяны жүзеге асыру қадамы және оның құрылымдық сипаттамасы. Педагогикалық құжаттың құрылымында бағдарлама тұжырымдама мен жұмыс жоспар қызметінің арасындағы кезеңдік орынды алады (уақыт пен оның аясындағы қызметтерді нақтылау сияқты). Кез келген бағдарлама қызмет моделін ұсынады және программалау пәні бағдарламаның түрін белгілеудегі негіз болып табылады: оқыту, тәрбиелік, ойын (бос уақытын қамту), кешендік.

Бағдарламалар мазмұнының көлеміне қарай ажыратылады (барлық бағыттары баяндалады немесе бір ғана қызметі көрсетіледі); бағдарламаның өлшемі, уақыт кезеңі бойынша (ұзақ мерзімді, орта және қысқа мерзімді).

Қандай бағдарламалар болады?

Бағдарламаның ықтимал бағыттары:

- танымдық, экологиялық, экономикалық, шығармашылық, көшбасшылық және тағы басқа ауысымдағы бейінді бағдарламалар. Қысқы кезеңде жүзеге асырылады;

- адамгершілікті тәрбиелеу, әр түрлі қызметтегі жасөспірімдер мен балалардың қызығушылықтары мен әр түрлі қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін жасөспірімдерді сауықтыру және демалыс аясындағы бағдарламалар. Жазғы кезеңде жүзеге асырылады;

- оқыту блоктарындағы арнайы бағдарламалар (клубтар, кездесу кештері, шеберханалар, лабораториялар, денсаулық сағаттары және т.б), әр түрлі балалар бірлестіктері (орталықтар, топтар, өзін-өзі басқару органдары және т.б.).

Бағдарламаны жазуда не негіз бола алады?

Бағдарламаны құруда келесі принципті қағидалар оның негізі бола алады:

- балалар лагерінің педагогикасын дамыту үшін қызмет **мазмұнының өзектілігі** (бағдарламада қарастырылған);
- уақытша құрылған балалар бірлестіктерінің жағдайындағы тәжірибені байыту, жасөспірімдердің жеке дамуындағы **әр түрлі тәсілдерді апробациялау және құрастыру**;
- бағдарламаға қатысушылардың дербестігін дамыту және жүзеге асыру, айқындау үшін **қажетті жағдайларды жасау**;
- қызметтің **танымдылығы мен ақпараттылығы**;
- уақытша құрылған балалар бірлестігінің көптілігі, уақытша балалар **ұжымдарының құрылымдық нұсқалығы**;
- бағдарламаға қатысушылардың жеке тәжірибесі мен қабілеттерін, ниеттерін, қызығушылықтарын **жүзеге асырудағы жан-жақты мүмкіншіліктер**;
- жасөспірімнің қызмет түрі мен аясын, формасын **таңдауда ұйғарымдық қамтамасыздығы**;
- лагерьдің **материалды-техникалық қамсыздануын есепке алу**.

Бағдарламаға қойылатын талаптар

Қазіргі уақытта бағдарламаға бірнеше талаптар қойылады:

Өзектілік – балалар бірлестігінің маңызды мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламаның тұтас сипаты.

Тұтастық – барлық әрекеттерді бір жүйеге біріктіретін бағдарламаның сипаты: мектеп ұйымдарының мақсаттарын ұсынудан және қызметтерінен болжанатын нәтижелерді сипаттау, бағдарламаның тұтастығы – бұл оның қисыны.

Болжамдылық – бағдарламаның болашаққа жұмыс жасауына қойылатын талабы, педагогикалық жасақтың жұмысындағы мақсаттар мен жоспарланған қызметті ғана көрсетпей, қазіргі таңдағы жағдайды және болжанатын өзгерістерді, жаңа талаптарды да ашып көрсету қажет.

Нақтылық – нақты берілген мектеп бірлестігінің әлуеті үшін үйлесімді бағдарламаның орындалу сипаты.

Өзгешелік – берілген педагогикалық жасақтың өзгешелігін, мазмұнының әр түрлілігі, бағыты, оның қызметіндегі формасы мен тәсілдерін, қойылған мәселелерді дәстүрлі емес шешімдермен шешуді көрсететін бағдарламаның сипаты.

Бағдарламаның құрылымды бөлімдері

Бағдарлама әр түрлі құрылымды нұсқалардан тұруы мүмкін, бірақ негізгі элементі (құрама бөліктері) болып мыналар табылады: **кіріспе, мақсаты мен міндеттері, қызметтің негізгі мазмұны, жүзеге асыру механизмі және күтілетін нәтижелері**. Бұл біздің ойымызша, бағдарламаға қойылатын «ең төменгі терім» [1].

Кіріспе

Түсінік хат, преамбула, қисыны және т. б. Мұнда бағдарламаның толық аталуы, оның авторы, құрастырылған күні көрсетіледі. Кіріспе бөлімінде бағдарламаның принциптері мен негізгі идеясы ашылады (олар бөлек бөлімге кірістірілуі де мүмкін), бағдарламаның өзгеше атауы түсіндіріледі (егер ол бар болған жағдайда).

Бағдарламаның осы бөлімінде оның өзектілігі мен маңыздылығы түсіндіріледі. Ол үшін балалар лагерінде жұмыс жасайтын (бағдарламаны құру кезіндегі) әлеуметтік-педагогикалық жағдайды міндетті түрде талдау, берілген бағытта атқарылған жұмыстардың тәжірибесін меңгеру, педагогтер мен балалардың қажеттілігін кішігірім зерттеулер арқылы алынған нәтижелерді талдау қажет.

Сонымен бірге осы бөлімде берілген бағыт бойынша педагогикалық ұжымның (педагогтің) тәжірибесі туралы хабарлау қажет.

Бағдарламаның адресаттары

Нақты мекен-жай, сол секілді қатысушылардың контингенті (жасы, жынысы, балалардың әлеуметтік тобы, қатысушыларға қойылатын талаптар), сонымен бірге бағдарламаның объектісін тағайындалуы (бірлестіктің түрі, мысалы, жасақ, команда, топ) көрсетіледі.

Мақсаты мен міндеттері

Мақсат – нақты белгіленген уақыт мерзіміне дейін лагерьдің қол жеткізе алатын болжамды нәтижелерінің бейнесі. *Міндет* – бұл жеке мақсат, мақсатты жүзеге асыру үдерісінде есепке алу арқылы кішігірім мақсат, жол.

Мақсат пен міндеттердің бөлімі нақты, шынайы, қол жетімді, игерімді болуы қажет.

Тәжірибеде бұл қойылған міндеттерді былай қалыптастыру қажет деп түсіндіріледі:

- берілген уақытта лагерьдің, жасақтың қызметінде нақты неге қол жеткізгісі келетіні анық болуы қажет;
- оның шешімін жасау үшін нақты мүмкіндіктерді қолдану;
- белгіленген мерзімге дейін оны шыныменде шешу (қол жеткізу);
- іске асырылып отырған балалар мен ересектердің жетістікке бағытталған бағдарламаны ары қарай іске асыру (мотивациялау).

Программалаудың тәжірибесі мынаған көз жеткізеді, жақсы бағдарлама бір – екі мақсатты және бірнеше нақты міндеттерден құрылуы мүмкін. Міндеттерді де тәрбиелік (жетекші) және ұйымдастыру-тәжірибелік (қосалқы) деп бөлуге болады. Маңыздысы, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері сәйкестендірілуі қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша тағы да бір принципті кез бар. Алдағы ауысымдағы жасақтың немесе лагерьдегі мақсатты қалыптастыру, анықтауда педагог педагогикалық үдеріс қатысушыларының субъективті ұстанымы оның мақсаты бойынша өзін-өзі басқаруынсыз мүмкін емес екені шындық екенін естен шығармаған жөн. Педагогикалық мақсат пен міндеттер бөлек енгізілмейді, бағдарлама бойынша ауысым құрылған жағдайдың өзінде де оны балалармен бірлесе отырып құрастырылады. Онда өзін-өзі анықтау оның аясында іске асырылады.

Сонымен, педагог ең алдымен топтың (бірлестіктер) және әр баланың жеке алдында тұрған мақсат пен міндетті анықтауда және қалыптастыруда балаларға көмек көрсетеді, лагерьдің ұйымдастыру кезеңінде келісімді қарым-қатынасты қалыптастырады [1].

Мақсат бір идея ретінде болуы мүмкін немесе оны келесі деңгейдің мақсаттылығы бойынша қалыптасуы мүмкін:

- а) әлеуметтік қажеттіліктерден анықталатын мақсаттар;
- б) педагогикалық қызметтің жеке мақсаттары;
- в) объектінің мақсаты – балалардың өз қызығушылықтары, қажеттіліктерімен анықталады.

Міндеттер – мақсатты жүзеге асыру үшін қажет, оны іске асыру жағдайы. Міндеттер екі түрде қалыптасуы мүмкін:

- а) қызметтің барлық кезеңіндегі жалпы міндеттер;
- б) динамикадағы қызметтің кезең (этап) бойынша міндеттері.

Мазмұны

Бағдарламаның бөлімдері, негізгі бағыттары және т.б. Бұл бөлімде жұмыстың негізгі формалары мен оның мазмұн (кезең бойынша) сипаттамасын, мақсат пен міндеттерді іске асыру арқылы қызметтің тәсілдері мен түрін және негізгі іс-шаралардың сипаттамасын қамтиды.

Негізінде, міндеттер, мазмұн жеке бөліктерге (блоктар, модульдер, бағдарламаның астына, бағыттар және т.б.) бөлінеді, дербес бөліктерді ұсынады.

Оларды ұйымдардың түріне қарай (жеке, топтық, көпшілік) немесе қызметтің бағыттары бойынша (спорттық, сауықтыру, танымдық, шығармашылық, адамгершілік, құқықтық және т.б.) құруға болады.

Бағдарламаның осы бөлігінде жоспарланған жұмыстар, олардың жиілігі мен тізбектілігі көрсетіледі. Бағдарлама басқа керек емес детальдарды талап етпейді. Мұндай ақпарат ауысымға берілген жоспарда болуы қажет және ол бағдарламамен салыстырғанда нақты болуы керек.

Ұйымдастыру моделі

Бағдарламаны жүзеге асыру үдерісіндегі қызметті ұйымдастыру құрылымына, оны басқару, бағыну жүйесіне, ішкі және сыртқы иерархиясына (жасақтар, топтар, командалар) сипаттама беріледі. Өзін-өзі басқару органдарына арналған жеке бөлім болуы мүмкін.

Жүзеге асыру механизмі

Даму логикасы, бағдарламаны жүзеге асыру тәртібі және т.б.

Күрделі тараулардың бірі. Ол әрекет жүйесін жүзеге асыру, бағдарламаның идеясын (нені жасау қажет, қандай тәртіппен, қай мерзімге дейін және т.б.) сипаттайды.

Бағдарламаның типіне байланысты жүзеге асыру механизмі ішкі және сыртқы болуы мүмкін. Сыртқы механизм туралы бағдарламаны жүзеге асыру үшін «Сыртқы күштердің» араласуы қажет деп айтады. Ішкі жүзеге асыру механизмі өзінің күш-жігерін, ішкі резервті қолдануды ұсынады.

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты – лагерьдегі ересектер мен балалардың қазіргі қызметін қағазда жазылғандай іске асыруды ойластыру.

Нәтижелер

Қорытынды. Бағдарламаның бұл бөлімінде күтілетін, болжанатын нәтижелер, бағдарламаның орындалу қорытындысы көрсетіледі. Міндеттер сияқты нәтижелер де нақты және шынайы болуы қажет. Негізінен, кез келген ауысымның негізгі нәтижесі баланың дамуы болып табылады.

Бұл дамудың көрсеткіші (баланың психологиялық күші мен физикалық тұрғыдан нығаюы, олардың жаңа білім алуы, т.с. жаңа жағымды өмірлік тәжірибесі) лагерьдегі педагогикалық жұмыстың нәтижесі болуы қажет.

Берілген бөлімге аса назар аудару қажет – ол берілген жобаны жүзеге асырудағы қажетті негізгі мағыналарды құрайды. Бағдарламаның міндеттері мен оның өзектілігі болжанатын нәтижелеріне сәйкес болғаны жөн.

Бағдарламаны құрастыру – педагогтен білім мен тәжірибені талап ететін қарапайым үдеріс емес. Педагогикалық жасақтың көмегінсіз программалауды құру мүмкін емес. Әріптестер бағдарламаның авторы болуы қажет, себебі, лагерьдің қызметіне қатысты барлық педагогикалық жасақтың қызығушылығы, ересектердің қарым-қатынасы, олардың программалаудың барлық кезеңінде де белсенділіктері бағдарламаны тиімді және пайдалы қылады [1].

Бейінді және сауықтыру лагерьлеріндегі бағдарламалардың тиімді көрсеткіштері

Бейінді және сауықтыру лагерьлеріндегі бағдарлама қызметінің тиімді бағалау көрсеткіші мен критерийлер жүйесін құрастыру былай анықталады:

- бағдарламаның инновациялығы, оның эксперименттік мінезі;
- ғылыми-әдістемелік тұрғысы, балалардың нақты бір лагерьге келуімен ғана емес, сол жерге қайта келу нәтижелердің таратылуы мен болжануы;
- сауықтыру лагерьлерінің қызметтерімен бірге тұру үшін жасөспірімдердің бірлестіктерінің көп нұсқалығы;
- баланың үйреншікті ең жақын ортасынан алыста ауысымның өткізуінде, танысу мүмкіндігін беру, жаңа тәрбиелік ортаны жасау және басқа адамгершілік қатынастарды құру;
- бірлесіп құрастырылған заңдар мен ережелерді бағдарламаға қатысушылардың өмір қызметімен бірге ұйымдастыру;
- қатысушыны болашақ және жақын жоспарларды қалай алдын ала анықтауға, ауысымның айқын шеңбері, белгіленген кезеңге қызметті нақты жоспарлау: бір күн, үш күн, бір аптаға;
- өтіп жатқан оқиғалардың қызу толықтығы, ұжымдық шығармашылық қызметтің бірнеше кезеңдерін параллельді жүзеге асыру, көптеген оқиғаларды бір уақытта жүзеге асыруды қарастыратын қызметтің қарқындылығы;
- өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі танудағы жасөспірімдердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін балалар бірлестігінің қызметін ұйымдастыру кезінде инновациялық ойын технологиялары мен әдістемелерді қолдану үшін үлкен мүмкіндіктерді ұсыну [2].

Бейінді және сауықтыру лагерьлер жұмысының тиімді бағалау көрсеткіші мен критерийлеріне мыналар да кіреді:

1. САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР:

- жеке қасиеттерді ұйымдастырудың дәрежесін өзгерту;
- осы қызметке деген орнықты қызығушылықты (сөну) сақтау және дамыту;
- алған білімдер мен тәжірибені (қолдану) хабар ету;
- әлеуметтік қатынасты нығайту (дамыту);
- өзі үшін, басқалар үшін, өзінің және ортақ жұмыс үшін жауапкершіліктің қалыптасуы;
- жобалау қызметімен байланысты компетенциялар (идеяның) ойдың туындауы, жобаға оның жүзеге асырылуын, осы жобаны тарату, жүзеге асыруды рәсімдеу;
- ауысымдағы барлық қатысушылардың психологиялық ахуалы;
- лагерьдің белсенді өміріне араласу дәрежесі;
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- денсаулықты нығайту;

- жаңа әлеуметтік тәжірибені алу;
- балаларды және ата-аналарды бос уақытты ұйымдастыру түрімен қанағаттандыру, лагерь ауысымындағы қол жеткізген нәтижелер мен лагерь жұмысындағы өзінің қатысуы арқылы қанағаттандырулықты сезіну.

2. САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР:

- осы бағдарлама бойынша лагерьге қайта келуге ұмтылатын ауысымдардың қатысушылар саны;
- лагерьдегі жоспарларды кезең бойынша ойдағыдай жүзеге асырған қатысушылардың саны;
- бейінді лагерьлер бойынша өздерінің серіктестерінің негіздері бойынша желілік бірлестіктер құрған қатысушылардың саны;
- бейінді және сауықтыру лагерьлерінің жүйесінен өтіп, жұмысқа тұрған тәлімгерлер мен балалардың саны (немесе ЖОО-на, бейінді училищелерге түскендер);
- жас адамдардың бастамасымен және бірлескен іс-шаралардың, семинарлар, конференциялар, форумдар өткізуде алдыңғы ауысымдағы қатысушылардың белсенді жұмыстары;
- сауықтырылған балалардың саны, сауықтыруды ұйымдастыру формасымен қамтылған балалардың саны, жарақат және құқық бұзушылықтың салыстырмалы көрсеткіштері [2].

Бағдарламаны жүзеге асыруды аяқтағанда мынаны анықтау қажет:

- бағдарламаның мақсаттары қаншалықты орындалады, «Мәселенің қойылуы» бөлімінде жағдаяттың өзгеруі;
- бұрын есепке алынбаған оң немесе теріс әсерлердің болуы;
- балалармен жүргізетін жұмыс түрлері мен тәсілдері жақсы жиналды ма;
- бағдарламаның мақсатына жету үшін қандай факторлар мүмкіндік туғызды (кедергі келтірді).

Бейінді және сауықтыру лагерьлеріндегі ауысымдардың тиімділігін бағалауда және әрекеттің кейінгі әрекетінің негізгі көрсеткіші балалардың пікірі болып табылады, жүзеге асырылған жобалардың сапасы мен саны, берілген бейін бойынша баланың нақты даму жетістігі (егер лагерь бейінді болса). Сонымен бірге, келесі көрсеткіштер болуы мүмкін: мамандардың бағасы; талдау топтарының бағасы; жұмыстың қорытындысы бойынша есептердің талдауы; тәуелсіз экспертиза; БАҚ-тағы мақалалардың талдауы.

Сауалнама жүргізу, тестілеу, «еркін тақырыпқа шығарма жазу» тәсілін жүзеге асыру, бөлшектерді талқылау және алған жаңа тәжірибемен бөлісу үшін ұйымдастырушылардың отырыстарын өткізу, сурет және бейне есептерді құру, ашық және қолжетімді ақпараттық деректер базасын құру; ерекше көзге түскендерді марапаттауды ұйымдастыруға болады [2].

Күндізгі уақыттағы лагерьдің қызметі бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

Күндізгі уақыттағы лагерьдің бағдарламасы бұл:

- белгіленген мерзімге дейін мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс жүйесі мен мазмұны көрсетілген *құжат*;

- лагерь қызметінің болашақ *модели* мынандай сұрақтарға жауап беруі керек:

1) лагерьдің қазіргі кездегі нақты жағдайы қандай (педагогикалық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері)?

2) ауысымның аяғына дейін лагерь қызметін қалай көргіңіз келеді?

3) жоспарланған жағдайды нақты ахуалға тәрбие жұмысының қандай әдістері мен формалары жақындастыра алады?

Лагерьдегі педагогикалық және балалар ұжымының қызметін жүйеге келтіру үшін бағдарлама керек, себебі, оны құрастыру кезінде педагогтер мен әкімшілік өзінің тәрбиелік позициясының, педагогикалық қызметтің және оның соңғы нәтижесіне әсерінің мәнін түсіне бастайды.

Бағдарлама лагерьдегі нақты ахуалдарды ескере отырып, балаларды дамыту және сауықтыру, тәрбиелік үдерістің барлық қатысушыларына бірлескен жұмыстың мақсатын түсінуге және оны бірге үйлестіруге көмектесетін тәрбиені ұйымдастырудың дәстүрлі емес моделін қалай құрылатынын көрсетуі қажет.

Бағдарламалардың бірнеше түрлері бар: бағыты бойынша (кешенді және бейінді) және ұзақтылығына байланысты (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) болады. Олай болса, бірінші топ:

Кешенді бағдарлама – мектеп жанындағы лагерьдің ерекше жағдайында балаларды тәрбиелеу және сауықтыру, демалыстың әр түрлі бағытын біріктіретін лагерьдің түрлі жоспарлы қызметін көрсететін бағдарлама.

Бейінді (мамандандырылған) бағдарлама – бір жетекші қызметтің бағытындағы бағдарлама.

Мысалы, мұндайға девиантты мінез-құлығы бар жасөспірімдерге арналған лагерьлердің әлеуметтік-педагогикалық жобалары, балалар ұйымдарының жас көшбасшылары, әскери-патриоттық, өлкетану және басқа да бағдарламалар болып табылады.

Екінші бағдарлама: **ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді.**

Ұзақ мерзімді бағдарламаларға жыл бойы жүзеге асырылуға есептелінген бағдарламаларды жатқызуға болады.

Қысқа мерзімді бағдарламалар – аз мерзімнің ішінде жүзеге асырылатын бағдарламалар (оңтайлы кезең – лагерьдегі ауысым).

Бейімделінген және авторлық типтегі бағдарламаларды да ескерген жөн. Қазіргі кезде авторлық бағдарламалар қарқынды таралуда, себебі, оны өз ұжымының ішінде табысты жүзеге асыру үшін лагерьдің командасымен құрылады. Мұндай бағдарламалар лагерьдегі балалар мен ересектердің

өмірін ұйымдастыруда дәстүрлі емес тәсілді, ерекше идеяны алуы қажет. Сонымен бірге педагогтер өз лагерінің нақты жағдайына сүйене отырып құрған бір адамдардың бейінделген бағдарламаларды қолданады.

Лагерь ауысымының бағдарламасы келесі талаптарға жауап беруі қажет:

Өзектілік – бағдарлама күндізгі уақыттағы лагерь үшін балалардың, ата-аналардың, өңірдің, уақыттың талаптары мен жағдаяттарын ескере отырып маңызды ахуалдарды шешуге бағытталған болуы керек.

Толықтылық – бағдарлама лагерьдің мақсатынан күтілетін нәтижеге дейін сипаттайтын концептуалды идеяны ұсыну арқылы тәрбиелік жүйені бір тұтастылыққа топтастыратындай болуы керек.

Болжамдылық – бағдарлама болжанатын нәтижелерге, болашаққа жұмыс жасауы қажет.

Нақтылық – ол балалардың жас мөлшері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың шығармашылық, рухани, физикалық, жеке өсуін жүзеге асыру үшін оңтайлы, орындалатын болуы қажет.

Ерекшелік – бағдарламаның сапасы лагерьдің ерекшелігін, оның өзіндік ерекшелігін, қойылған жағдаяттарды шешуге бағытталған дәстүрлі емес тәсілін көрсетуі керек [3].

Лагерьдің ауысымы келесі құрылымдардан құрылуы мүмкін:

1. Титул парағы;
2. бағдарлама паспорты;
3. түсінік хат;
4. бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі мен мақсаты, міндеттері;
5. қызметтің бағыттары;
6. оның тиімділік индикаторлары, бағдарламаны жүзеге асырудағы күтілетін нәтижелер;
7. бағдарламаны жүзеге асырудағы ресурстық қамсыздануы;
8. бағдарламаны жүзеге асыру механизмі;
9. қолданылған әдебиеттер;
10. қосымша.

Титул парағында білім беру ұйымы, бағдарлама қайда және кім бекітті; бағдарламаның аты; автордың Т.А.Ж., лауазымы, бағдарламаның іске асырылатын қаласы, мекен-жайы, құрылған жылы көрсетілуі ұсынылады.

Бағдарлама паспорты мынандай бөлімдерден тұруы мүмкін:

- бағдарламаны құрастырудың негізі (өңірлік заңнамалық және нормативтік актілер мен құжаттар);
- бағдарламаны орындаушы-ұйымдастырушы (ББ «№ ...ЖББМ», бейіндер бойынша күндізгі уақыттағы балалардың мектеп жанындағы лагері ...);
- бағдарлама авторы (Т.А.Ж., лауазымы);

- бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі;
- мақсатты топтар (... жастағы балалардың жас мөлшері).

Түсінік хатта бағдарламаның бағыты, жаңалығы, өзектілігі, педагогикалық мақсаттылығы; нақты лагерьдің жағдайын ескере отырып берілген бағдарламаның ерекшелігі ашылып жазылады (қоғам, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері, материалдық-техникалық базасы және т.б.), негізгі мазмұндық идеясы, қызметтің бағыттары мен бағдарламаның принциптері (олар бөлек блокқа кіруі мүмкін).

Бағдарлама бір мақсат пен нақты бірнеше міндеттерін қамту керек. Негізінен, бағдарламаның міндеттері мен мақсаты бір-біріне сәйкестенуі керек. Мақсат бастапқы тұжырымның бағыныштылығынан болады. Мақсат бағдарламаның мәні, оның спецификасы мен күтілетін нәтижелері түсінікті болатындай анық, нақты және айқын құрылуы қажет. Бағдарламаның мақсаты *міндеттермен* нақтыланады. Әрбір міндет нақты анықталған жетістіктерге бағытталған болуы керек. Міндеттерді құрған кезде бағдарламаны жүзеге асыруда болжанатын нәтижелерді бір уақытта құрастырады.

Міндеттерді бағдарламаның аяқталуы бойынша шешім табатындай міндеттерді құрастыру қажет.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы мерзім қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін (лагерьдің ауысымы).

«Қызметтің бағыттары» бөлімі әдістер мен формалар, қызметтің бағыттары, жетістіктердің әдіс-тәсілдері мен түрінің сипаттамасын қосады.

Педагогикалық бағдарламаларда құрылған мақсаттар тәрбие мазмұнын жүзеге асыру үдерісінде қол жеткізетін тұлғаны дамытуда нақты күтілетін нәтижелерде іске асырылады. Болжанатын нәтижелер бағдарламаны жүзеге асырудағы негізгі кезеңдердің барлығына қатысты қойылған мақсат пен міндеттің әсері болып табылады, бірақ оны нақтылап толық ашқан дұрыс болады.

Лагерь ауысымының бағдарламасында күтілетін нәтижелер ауысымдағы ойластырылған идеяны жүзеге асыру барысында және оның өткізуін тиімді анықтайтын көрсеткіштердің көмегімен жүзеге асырылуында балалардың алған білім, дағды мен біліктің тізімі түрінде безендіріледі.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы ресурстық қамсыздандыру өзіне әдістемелік ресурстарды (әдістемелік әдебиет, бағдарламаны құруда қолданылатын сандық оқу ресурстары), кадрлық ресурстар (бағдарламаны құруға және оны жүзеге асыруда қатысқан мамандар) және материалдық қамсыздандуды (материалдық-техникалық базасы мен қаржыландырылуы) қосады.

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі негізінен бағдарламаның идеясын өмірге әкелуде нақты көрсетілген іс-шаралар қызметінің бағыттары, орындалу мерзімі, жауапты маман, мақсатты топтар бойынша тор-жоспар түрінде ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімінде бағдарлама авторының қолданған мақалалардың, баспалардың тізімі көрсетілуі қажет.

Қосымшада авторлардың алған нәтижелерді жақсы түсінуіне ықпал ететін қосымша материалдар енгізіледі.

Бағдарламаның жоғарыда көрсетілген құрылымы әмбебап және мектеп жанындағы сауықтыру лагерьдің бейінді ауысымының кез келген бағдарламасын құрастыру кезінде қолданылуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Бағдарламаларды табысты және сапалы түрде жүзеге асыру үшін міндетті түрде бағдарламаға қатысушылардың көшбасшылық қабілетін және рухани-адамгершілік, шығармашылық қабілеттерін тиімді дамыту үшін тәрбиелік үдерістің нәтижелігін бақылау және түзету мақсатында лагерь ауысымының бастапқы және аяқталу кезіндегі диагностика мен мониторингті қайта қарастыру қажет [3].

Бағдарламаны жүзеге асырудағы тәсілдер мен формалар Ойын технологиялары

Мәдени-бос уақытты өткізу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін сюжетті-рөлдік ойындарын қосатын, ойындардың сценарийлері, дайын ережелері бар ойындар, іскерлік ойындар мен ұжымдық шығармашылық жұмыстары бар ойын технологиялары қолданылады.

Ойын технологиялары лагерьде бағдарламаға қатысушылар – баланың тұлғасын шығармашылық, зияткерлік, физикалық, рухани-адамгершілік, патриоттық потенциалын ашуға көмектесетін жағымды жағдайларды құрастырады. Кешенді ойындарға деген қажеттілік өмірдің өзінен туындады.

Ойнайтын балалар ойынға қатысатын балалардың арасында қалыптасқан нақты қарым-қатынастар мен жаңа әлеуметтік рөлдердің мазмұндарына байланысты әсерлі терең қайғыруларды сезінеді.

Сонымен бірге лагерьлерде жазғы демалысты ұйымдастыруда ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын сақтау мен психологиялық, физиологиялық тұрғыдан нығайтуға мүмкіндік туғызады [4].

Ұжымдық шығармашылық жұмыс

ҰШЖ – ұжымды топтастырудағы негізі құрал – ересектер мен балалардың бірлескен шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметі.

И.П. Иванов бала өмірін ұйымдастырудың негізгі жағдайы бойынша коммунар әдістемесінің авторы, адамның адамға деген қамқорлығы туралы әдістемесі, ол балалардың тек жалпы жұмыста емес, сонымен бірге оны жоспарлау және қорытындысын шығаруға қатысуын жатқызады. Балалардың шығармашылық қабілеті мен қиялын дамытуға бағытталған тәрбиелік жұмыстардың формалары осы жағдайларды болжайды. Осындай формалардың бірі – ҰШЖ.

Әрбір ұжымдық шығармашылық жұмыс – жалпы қуаныш пен пайдаға бағытталған педагогикалық әрекеттердің жүйесі, бұл жалпы өмірді жақсарту туралы қамқорлықтың пайда болуы. ҰШЖ педагогикалық міндеттері қайталанатын. Ол – өмірге деген жақсы қарым-қатынастың салдары. Сол себепті ол – жұмыс (іс).

Жұмыс (іс) – ұжымдық, өйткені ол кіші топтар мен ересек жолдастарындағыдай тәрбиешілер мен тәрбиеленушілермен бірге жоспарланады, дайындалады, іске асырылып және талқыланады.

Жұмыс (іс) – шығармашыл, өйткені оның әр кезеңінде маңызды өмірлік, тәжірибелік мақсаттарды шешудегі әдістерді, оны жүзеге асыруда үздік жолдарды, тәсілдерді іздеу жүргізіледі.

Ұжымдық шығармашылық жұмыстардың мақсаттарын іске асыру ҰШЖ тәрбиелік мүмкіндіктерін жүйе ретінде жүзеге асыруды қамтамасыз ете алады [4].

Қосымша білімнің бірлестіктері мен дамыту үйірмелерінің бағдарламалары

2013 жылғы жазғы сауықтыру науқанның бағдарламасы балалардың қажеттіліктері мен нақты сұраныстарын көрсететін қосымша білімнің бірлестіктері мен дамыту үйірмелерінің жүйесін жетілдіруді қарастырды.

Ауысымның үдерісінде қатысушы өзін қызметтің әр түрлі бағытында көруге және өзін қызықтыратын маңызды бағыттың бірін дұрыс таңдауға мүмкіндік алады [5].

Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі қосымша білім бағдарламаларының бағыттары:

Көркем-эстетикалық бағыттағы бірлестіктер

Көркем-эстетикалық бағыттағы бірлестіктердің бағдарламалары балалардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімділікті, көркем-шығармашылық қабілеттерді, көркем ойлауды дамытуға, шындыққа ұласатын эмоционалды-шығармашылыққа тәрбиелеу, саусақтардың кіші моторикасын дамытуға, қол мен көздің жұмысын келістіріп, қозғалыстың үйлестірілуін жетілдіруге бағытталған [5].

Спорттық дене тәрбиесі бағытындағы бірлестіктер

Спорттық-дене тәрбиесі бағыттағы секциялардың бағдарламалары денсаулықты нығайту, өмірлік маңызы бар дағдылар мен қимылдарды қалыптастыру.

Ғылыми-техникалық бағыттағы бірлестіктер

Бұл бірлестіктердің бағдарламалары бастапқы техникалық модельдеу саласындағы білім, білік, дағдыны дамытуға, балалардың бойында техникалық және сызба суреттермен жұмыс жасау дағдысын алу, техникалық терминдермен танысуға, қағаздан, қатырма қағаздан көлемді модельдерді құрастыру туралы алғаш ұсынуға бағытталған [5].

Экология-биологиялық бағыттағы бірлестіктер

Бұл бағдарламалар орта мектептерде биология мен экологиядан алған білімдерін кеңейтуге, балалардың көгалдандыру, ландшафт дизайнының негізін меңгеруге бағытталған.

2013 жылғы жазғы сауықтыру науқанының бағдарламасының негізгі мақсаты жазда заманауи қоғам жағдайында өзін-өзі жетілдіруге, жалпыадами адамгершілік құндылықтарына бағытталған тұлғаны шығармашылық дамыту мен сауықтыру үшін балаларды дамыту үйірмелерінің бірлестіктеріне жағдай жасау [5].

Бейінді жасақтардың тақырыптық жобалары

Бейінді жасақтар 2013 жылғы жазғы сауықтыру науқанның кезеңінде жазғы сауықтыру лагерьлерінде жүзеге асатын педагогикалық жобалардың негізінде құрылады. Бейінді жасақтардың мазмұндық мүмкіндіктері жоғары: балалар жазғы сауықтырумен қатар дене құрылысын дамытуда тәжірибелік қызметтің қажетті тәжірибеге қол жеткізеді. Жазғы лагерьлерде бейінді жасақтарды ұйымдастыру балалар мен жасөспірімдердің социализациясына, өсіп келе жатқан адамға азаматтық тәртіптің тәжірибесін, демократиялық мәдениеттің негізін жинауға, мамандықты дұрыс таңдауға көмектеседі. Бала бағдарлама материалын меңгерген соң бейіндік жасақтарда уақытша құрылған әр түрлі балалар бірлестіктерінің тәжірибесін өз бойына қалыптастырады: алғашқы балалар ұжымы, қызығушылығы бойынша клубтар, жаңа бастамасы бар шығармашыл топтар.

Бейінді жасақтардың тақырыптық жобаларын жүзеге асыру балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтары мен шығармашылық сұранысына жағымды әсер етеді, денсаулықтарын нығайтады, қоғамдық маңызы бар қызмет, еңбек түрін, танымдық формаларды белсенді түрде қолдануға мүмкіндік береді [6].

Бағдарламаларды жүзеге асырудағы бақылау формалары

Ауысым бойы бейінді жасақ пен ауысымның тақырыптық бағдарлама мазмұнының сапалық және сандық көрсеткіштерін, балаларды дамыту үйірмелерінің бағдарламаларын қадағалау жүргізіледі.

Бағдарлама (мәдени-бос уақытты ұйымдастыру) мазмұнын жүзеге асырудағы сапалық көрсеткіштері:

- тәлімгерлер мен балалардың сауалнамасы;
- мемлекеттік білім беру ұйымдар басшыларының пікірлері;
- ашық іс-шаралар (сабақ).

Дамыту үйірмелерінің бағдарламаларын жүзеге асырудағы сапалық көрсеткіштер:

- көрмелер, қолдан жасалған дүниелердің экспозициясы, бұйымдар, шығармашылық жұмыстар;
- ата-аналардың қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған «Мен жазды жүрегімде сақтаймын» атты облыстық байқауға балалардың үздік жұмыстарын ұсыну.

Бейінді жасақтардың тақырыптық бағдарламаларын жүзеге асырудағы сапалық көрсеткіштер:

- ашық іс-шаралар (сабақ);
- балалардың сауалнамасы;
- мемлекеттік білім беру ұйымдар басшыларының пікірлері;
- сурет-бейне есептер [6].

Бағдарламаны жүзеге асырудағы сандық көрсеткіштер:

- басшының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының талдау есебі (балалардың келуі, бейімделген кезең, негізгі кезең, ауысымға талдау жасау, маусымға талдау жасау);
- сауықтыру лагеріндегі мамандардың ауысымға жасаған есебі (ұйымдастырушы-педагог, педагог-психолог, кітапханашы, дәрігерлік қызметкер, тәрбиешілер);
- қосымша білім педагогтерінің және тәрбиешілердің журналдары [6].

**Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің
сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын
ұйымдастыруды нормативті-құқықтық қамтамасыз ету**

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2011 жылғы 28 маусымдағы
№ 86-ө Өкімі*

**2011-2015 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалардың
сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын
ұйымдастыру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына сәйкес жазғы каникул кезеңінде балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан, шығармашылық дамуы және құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін:

**1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:**

1) жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға көзделген жергілікті бюджет, демеушілік қаражаты есебінен қамтамасыз етсін;

2) балалар сауықтыру ұйымдарын пайдалануға дайындау және қабылдау жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл комиссиясын қалыптастырсын;

3) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қала сыртындағы балалар сауықтыру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету, және жыл бойы жұмыс істейтін балалар сауықтыру ұйымдарын, балалар сауықтыру ұйымдарының мемлекеттік меншікке қайтару және қалпына келтіру, білікті кадрлар мен қамтамасыз ету шаралар қабылдасын;

4) басым тәртіппен жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен, көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, олимпиадалардың, конкурстардың және жарыстардың жеңімпаздары арасынан жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларының сауықтыру демалысын қамтамасыз етсін;

5) жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанындағы тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырсын;

б) еңбек және демалыс лагерьлерінде, мектеп орманшылығында, көркейту және көгалдандыру жасақтарында еңбек заңнамасына сәйкес балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырсын;

7) балаларды сауықтыру ұйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін, балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамту кезінде судағы балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

1) республиканың өңірлерінде балалар туризмі мен спортты дамытуды қамтамасыз етсін;

2) спорттық-сауықтыру, туристік, спорттық-бұқаралық, бос уақыттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырсын;

3) жазғы каникул кезеңінде туристік және спорттық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

1) балалар сауықтыру ұйымдарына балаларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етсін;

2) балалардың жарақат алуын ескерту және жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау жөнінде алдын алу шараларын қарастырсын;

3) балалар құқықбұзушылықтарының, қылмыстарының алдын алу, балалардың панасыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

1) балалар сауықтыру ұйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

2) балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі жөнінде іс-шаралар өткізуді, суда балалардың қауіпсіздігін, балалар сауықтыру демалысы объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) балалар сауықтыру ұйымдарының объектілері мен балалар сауықтыру ұйымдарында тамақты ұйымдастыруға санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етсін;

2) балаларға медициналық қызмет көрсетуге және олардың сауықтырылуына денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі:

1) балалардың сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын дайындау мен өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) республикалық және өңірлік теледидарлық арналарда балалардың сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға арнайы хабарлар циклдары мен трансляциялауды дайындасын.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011-2015 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын жалпы үйлестіруді қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын 10 қазанға есеп берсін.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2013 жылғы
17 мамырдағы
№ 499 қаулысымен бекітілген

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Білім туралы» Заң) сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларға арналған қосымша білім алу құқықтарын тегін және шарттық негізде қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Балаларға арналған қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі – балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңдарын, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты

есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысын, «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысын (бұдан әрі – Үлгі штаттар), осы Қағидаларды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысын, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында жеке тұлға, қоғаммен мемлекеттің мүддесі үшін білім алушының білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің оқу бағдарламалары іске асырылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының түрлері:

- 1) қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы;
- 2) оқушылар (үйі, орталығы, кешені, балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы және басқалар) сарайы;
- 3) жас натуралистер станциясы (балалар экологиялық орталығы, биологиялық орталық, экобиоорталық, экология және өлкетану балалар-жасөспірімдер орталығы және басқалар);
- 4) жас техниктер станциясы (орталық, балалар және жасөспірімдер техникалық шығармашылық мектебі және басқалар);
- 5) жас туристер станциясы (балалар-жасөспірімдер туризм орталығы, балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы, балалар-жасөспірімдер туризм және өлкетану орталығы және басқалар);
- 6) балалар аула клубы (басқа да клубтық демалыс ұйымдары);
- 7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі, балалар өнер мектебі және көркемдік-эстетикалық бағыттағы басқа да мектептер);
- 8) балалар сауықтыру (орталығы, кешені, қала сыртындағы сауықтыру лагері және күндізгі уақытта болу лагері, палаталық лагерь, киіз үй лагері және басқалар) лагері;
- 9) балалар-жасөспірімдер спорттық мектебі;
- 10) олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
- 11) балалардың қызметі мен қызығушылықтары бағытындағы басқа ұйымдар.

4. Мемлекет балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларға және олардың қосымша білім алуы үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді.

5. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

4) азаматтылық пен отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) азаматтық ұстанымы белсенді жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың саяси-қоғамдық, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға қажеттілікті, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасты қалыптастыру;

6) балалар бойында экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау ісіне тарту;

7) қоғамдағы өмірге бейімдеу;

8) мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру.

6. Балаларға арналған қосымша білім берудің оқу бағдарламалары жалпы білім беретін мектептерде, лицейлерде және гимназияларда да іске асырылады.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

Қызметті ұйымдастыру

7. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар (құрылтайшылар) құрады.

8. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының мәртебесін оның құрылтайшысы айқындайды және оның жарғысында «Білім туралы» Заңның талаптары ескеріле отырып, көрсетіледі.

9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының басшыларын және педагог қызметкерлерін аттестаттау «Білім туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды білім беруді мемлекеттік басқару органдары өздерінің құзыретіне сәйкес жоспарлы тәртіппен бес жылда бір рет өткізеді.

10. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметін педагогтер, әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар және оларға

теңестірілген тұлғалар (бұдан әрі – педагог қызметкерлер), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

11. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының басшы кадрларының және педагог қызметкерлерінің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру, бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

12. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын құру және дамыту құрылтайшының қаражаты, ақылы негізде көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

13. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін және өзге де қызметтерді ұсынады, осы қызметтен алынған кірістерге дербес иелік етеді. Ақылы қызметтер көрсету тізбесі және тәртібі балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысымен айқындалады.

14. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мүлікке иелік етеді және оны пайдаланады. Қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымның мүлкі ұйымның негізгі міндеттеріне қайшы келетін мақсаттарда пайдалануға жатпайды.

Білім беру және тәрбиелеу процесі

15. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, кадрларды іріктеу мен қабылдауда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметтерде дербес.

16. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалардың сұрауларын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық (оның ішінде балалар мен жасөспірім) ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерін ескере отырып, білім берудің оқу бағдарламаларын дербес әзірлейді.

17. Білім берудің оқу бағдарламасын іске асыру кезіндегі оқу-тәрбие процесі балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының (клуб, студия, ансамбль, топ, үйірме, театр және басқа) қызығушылықтар бойынша бірлестіктерінде (бұдан әрі – бірлестіктер) жүзеге асырылады.

18. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында балалардың қызметі қызығушылықтары бойынша бірыңғай жастағы және түрлі жастағы бірлестіктерінде жүзеге асырылады. Қызығушылықтары бойынша бірлестіктерді қалыптастыру балалардың ерікті таңдауына негізделеді.

19. Әр бала бірнеше бірлестіктерде шұғылдандуды таңдауға, оларды ауыстыруға құқылы.

20. Бірлестіктің қызығушылықтар бойынша қызметінің мазмұнын оқу жоспарларын және білім берудің оқу бағдарламаларын ескере отырып қосымша білім беру педагогы айқындайды.

21. Қызығушылықтар бойынша бірлестіктердегі сабақтар бір тақырыптық бағыттағы білім берудің оқу бағдарламалары немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша өткізіледі. Бағдарламаның талаптарына байланысты сабақтар түгел оқу жылына, сол сияқты одан қысқа мерзімге де ұйымдастырылады.

22. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы келісім бойынша және (немесе) ұйымдармен, кәсіпорындармен бірлесіп, балалардың бейіндік дайындығын жүргізеді. Біліктілік емтихандарын тапсырған білім алушыларға бағалар қойылады немесе бейіндігі бойынша (көркемдік, музыкалық және өнер мектептері) біліктілік беру туралы куәлік беріледі.

23. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымындағы тәрбиелік бағдарламалар білім беру бағдарламаларының құрамдасы болып табылады және отансүйгіштікті, азаматтықты, төзімділікті, жоғары өнеге мен адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ тәрбиеленушілердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

24. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында білім беру және тәрбиелеу процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Онда білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ауруын болдырмау, денсаулығын нығайту, физикалық жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі шараларды орындау қамтамасыз етіледі.

25. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін қамтамасыз етуге және жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыс, сондай-ақ оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, педагог қызметкерлердің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

26. Білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және білім беру процесін оңтайландыру мақсатында балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтер құрылады.

27. Балалардың бастамасы бойынша балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында өз жарғыларына және осы қағидаларға сәйкес қызмет ететін балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары құрылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының әкімшілігі осы бірлестіктер мен ұйымдар жұмысына жәрдемдеседі.

28. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалармен жұмысты барлық күнтізбелік жыл бойына ұйымдастырады. Демалыс уақытында қажеттілігіне қарай белгіленген тәртіппен клубтар, лагерьлер және туристік базалар ашады, өз базасында немесе балалардың тұрғылықты орны бойынша лагерьлерде (қала сыртында немесе күндізгі болу)

балалардың тұрақты және (немесе) ауыспалы құрамымен түрлі топтар құрады, шеберлік сағаттарын өткізеді.

29. Балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылығы, демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында бірлестіктер жұмысына, сондай-ақ бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде педагогтің келісімімен оларды негізгі құрамға қоспай балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) қатысуы мүмкін.

30. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысушылар балалар, педагог қызметкерлер, бейіні бойынша мамандар, білім алушылардың ата-аналары (кәмелетке толмағандардың өзге заңды өкілдері) болып табылады.

31. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларды қабылдау кезінде ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді оқу-тәрбие процесінің жүргізілуімен және мазмұнымен, жарғымен және қабылдау қағидалары мен білім беру және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруды қамтамасыз етеді.

32. Білім алушылардың, ата-аналардың (кәмелетке толмағандардың өзге заңды өкілдерінің) және қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысында айқындалады.

33. Қызметкер мен балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Ұйымды басқару

34. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын басқару «Білім туралы» Заңның 44-бабына, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңға, осы Қағидаларға, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

35. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес, әдістемелік кеңес және басқа да нысандар болып табылады.

36. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

37. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының басшысын құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

38. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметке арнайы педагогикалық немесе тиісті бейіндер бойынша кәсіптік білімі бар адамдарға рұқсат етіледі.

39. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы жұмысқа сот үкімі немесе медициналық қорытындымен педагогикалық қызметке тыйым салынған, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адамдарға рұқсат етілмейді.

40. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының басшысы:

1) ұйым білім алушыларының, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) білім алушыларының және ұйым қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі және денсаулығы, еңбекті қорғау нормалары мен қауіпсіздік техникасын сақтамағаны;

4) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

5) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауапты болады.

Халықаралық ынтымақтастық

41. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

42. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы білім саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша шетелдік білім беру ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатады, халықаралық бағдарламаларға қатысады, білім беру, мәдениет, спорт және туризм саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасады.

43. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы шетелге жіберу үшін (тәжірибе алмасу, түрлі іс-шараларға, конференцияларға, жарыстарға, конкурстарға, байқауларға, олимпиадаларға, фестивальдарға және тағы сол сияқтыларға қатысу мақсатында) қызметкерлер мен білім алушыларды іріктеуді және даярлауды жүзеге асырады.

Қайта құру және тарату

44. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына (бұдан әрі – «Білім туралы» Заңы), «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес әзірленген және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – білім алушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың, жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

3. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, оларды іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адам даралығын дамыту үшін жағдайлардың жасалу жолдары арқылы ой-өрісін байыту;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге немқұрайды қарамауға тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау қызметіне тарту;

7) қоғам өміріне бейімдеу;

8) олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру болып табылады.

4. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлеріне:

1) қосымша білім берудің оқу-әдістемелік орталығы;

2) оқушылар сарайы (үй, орталық, кешен, балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы);

3) жас натуралистер бекеті (балалар экологиялық орталығы, биологиялық орталық, экобиоорталығы, балалар және жасөспірімдердің экология және өлкетану орталығы);

4) жас техниктер бекеті (орталық, балалар және жасөспірімдердің техникалық шығармашылық мектебі);

5) жас туристер бекеті (балалар және жасөспірімдер туризм орталығы, балалар және жасөспірімдердің экология және туризм орталығы, балалар және жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы);

6) балалар аула клубы, балалар әскери-патриоттық клубы (басқа да клубтық демалыс ұйымдары);

7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі, балалар өнер мектебі және көркемдік-эстетикалық бағыттағы басқа мектептер);

8) балалар сауықтыру лагері (орталық, кешен, қала сыртындағы сауықтыру лагері және күндізгі уақытта ұйымдастырылатын лагері, палаталық лагерь, киіз үй лагері);

9) балалар және жасөспірімдер спорт мектебі;

10) олимпиялық қордың мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебі;

11) балалар қызығушылықтары мен қызметтеріне бағытталған басқа ұйымдар жатады.

5. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің тәртібі

6. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

7. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі білім алушылардың өзін-өзі анықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

8. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс тәртібі ішкі тәртіп ережелерімен орнатылады.

9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру үдерісіне қатысушылар балалар, педагог қызметкерлер, білім алушылар мен олардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері болып табылады.

10. Білім алушылардың, ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері қосымша білім беру ұйымының Жарғысымен және білім беру саласындағы заңнамалық актілермен белгіленеді.

11. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары балаларды қабылдау кезінде оларды және ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру үрдісінің тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

12. Спорттық, спорттық-техникалық, туристік, би бірлестіктеріне қабылдау кезінде баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды қажет.

Мүгедек балалармен тұрғылықты жері бойынша жеке жұмыс жүргізіледі.

13. Балалар музыкалық мектебі, балалар көркемөнер мектебі және өнер мектептеріндегі білім беру үдерісі «Балалар музыкалық мектебі, балалар көркемөнер мектебі және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жүргізіледі (2012 жылдың 6 ақпанындағы № 7409 мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуінің Тізілімінде тіркелген).

14. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының әкімшілігімен оқушыларға қолайлы тәртіптеме туғызуды, жас ерекшеліктерін, ата-аналарының талап-тілектерін есепке ала отырып, «Балалар және жасөспірімдердің тәрбие және білім беру нысандарына санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 қаулысымен бекітілген белгіленген Санитарлық қағидаға сәйкес жұмыс кестесі құрылады және бекітіледі.

15. Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар қосымша білім беру ұйымдарында қызығушылықтары бойынша үйірмеге, клубқа, студияға, ансамбльге, топқа, театрға және басқа бірлестіктерге (бұдан әрі – бірлестіктер) біріктіріледі.

Топтарға жинақтау балалардың ерікті түрдегі таңдауына негізделеді.

16. Тұрақты және ауыспалы құрамымен білім алушылардың қызығушылықтары бойынша бірлестіктер құрылады.

17. Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын бірлестіктерде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізі бір тақырыптық бағыттағы сабақтар немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар

болып табылады. Сабақтар қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларының талаптарына сай оқу жылы бойына немесе қысқа мерзімге ұйымдастырылады.

18. Сабақтар қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес топпен, жеке немесе бірлестіктің толық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы білім алушылар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары 8-ден 12-ге дейін, сынақ және зерттеу топтарында 6-дан 8-ге дейін болуы тиіс.

19. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту барысында топтың құрамы 6-10 адамды құрайды.

20. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту барысында топтың құрамы 3-6 адамды құрайды.

21. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардың, оның ішінде инклюзивтік білім беруге жағдай жасау арқылы оқу-тәрбие жұмысын күнтізбелік барлық жыл бойы қамтамасыз етеді. Қыркүйектің 1-нен 14-не дейін бірлестіктерді іріктейді, сабақ 15 қыркүйектен басталады.

Жазғы кезеңде бірлестіктер арнайы кесте бойынша білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен жұмыс істейді.

22. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жазғы кезеңде өз базасында бейіндік лагерьлер, туристік қалашықтар мен базалар (қала сыртындағы немесе күндізгі), сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен әртүрлі бірлестіктер құра алады. Бірлестік жұмысы концерттер, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар, экспедициялар және басқа да түрде өткізіледі.

23. Бірінші жылы оқытылатын топтардың сабақтарына аптасына 4 академиялық сағат, екінші және келесі жылдары – 6 академиялық сағат, сынақ және зерттеу топтарына – 8 академиялық сағат қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минут көлемінде сабақ жүргізіледі.

24. Практикалық сабақтар (жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар, концерттік сапарлар) өткізу үшін сағаттар көлемі тәулігіне 8 сағат есебінде белгіленеді.

25. Қызығушылықтары бойынша бірлестік жұмысына басшының келісімі болған жағдайда, балалармен бірге олардың ата-аналары (заңды өкілдері) негізгі құрамнан тыс қатыса алады.

26. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары балалардың тұрғылықты жері бойынша басқа ұйымдарда балалар бірлестігін құра алады.

Олардың арасындағы қатынастар шарт арқылы реттеледі.

27. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардың мүдделерін, олардың дарынын және кәсіптік бағдарлануын дамыту мақсатында ғылыми, зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге, заңнамаға сәйкес эксперименттік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық

жұмыстар жүргізу үшін олардың базасында оқушылардың ғылыми бірлестіктері мен зертханаларын құрады.

28. Білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және білім беру үдерісін жандандыру мақсатында әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық қызметтер құрылады.

29. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жеке дара, шарт және (немесе) басқа ұйымдармен бірлесе отырып, балалармен алғашқы кәсіптік дайындықты жүргізеді.

30. Балалар музыкалық мектептері, балалар шығармашылық мектептері және өнер мектептерінде қосымша білім беру бағдарламаларын игеру қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады.

Оқытудың толық курсын аяқтаған және мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырған білім алушылар белгіленген үлгідегі мектепті бітіргендігі туралы куәлік алады.

31. Қажетті оқу-материалдық базасы мен кадрлық әлеуеті бар балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары барлық үлгідегі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың өндірістік практикасын жүзеге асырады.

32. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, оқытудың жаңаша технологияларын енгізуге және әзірлеуге, педагогикалық қызметкерлер біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылады.

33. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары әдістемелік кеңес, әдістемелік шығармашылық бірлестік құрады. Олардың қызметі Жарғыда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

34. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары бұқаралық шараларды ұйымдастырады және өткізеді, балалардың, ата-аналардың бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдай жасайды.

35. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында саяси партиялардың және діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және қызметіне жол берілмейді.

36. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтік қызметіне арнайы педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

37. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметкері мен әкімшілігінің өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

38. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың желісі бойынша «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте халықаралық қызметтерге қатыса алады.

**«Чапаев негізгі мектебі» ҚММ-нің
«Күншуақ» мектеп жанындағы балаларды сауықтыру
лагерінің жазғы демалысты ұйымдастыру бағдарламалары**

Балалардың ойыны – тіпті ойын емес
және оған осы жастағы түбегейлі, терең
ойлы жұмыс ретінде қараған дұрыс.
М. Монтень

Кіріспе

Лагерь – бұл мектеп қызметінің сөздік, дидактикалық үлгідегі жақсы бір бос уақыттың әр түрлі қоғамдық-мағыналы қызметтің, белсенді демалыс саласы. Лагерь кез келген балаға өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі сыйлаудың жоғарғы деңгейіне жақындасуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың күндізгі уақыттағы лагері балалардың демалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Балалар сауықтыру лагері балалардың өздерінің бос уақыттарында мүмкіндіктерін, жеке қажеттіліктерін, дене бітімі мен әлеуметтік өтемін жүзеге асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады [7].

Бір жағынан лагерь әр жастағы, даму деңгейі әр түрлі балалардың бос уақытын ұйымдастыру формасы, екіншіден – әлеуметтік, техникалық шығармашылықты дамыту, сауықтыруға арналған кеңістік.

Чапаев ауылы «Чапаев негізгі мектебі» ҚММ базасындағы күндізгі уақыттағы лагерьдің сауықтыру маусымы білім алушылар үшін жыл сайын өткізіледі. Лагерьге көп балалы және жағдайлары төмен жанұялардағы балаларды тарту міндет болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мақсат – жазғы сауықтыру ауысым кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру және денсаулықтарын нығайту үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

уақытша құрылған ұжым жағдайында балалардың дене бітімін сауықтыру жүйесін құру;

ойын, танымдық және еңбек қызмет түрі арқылы балалардың рухани және дене бітім арасындағы алшақтылықты жеңу;

оқушылардың бойындағы толеранттылық пен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

оқушылардың санасына адамгершілік және мәдени құндылықтарды бекіту;

денсаулықты нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын енгізу;
балаларды шығармашылық қызметінің түріне қосу, шығармашылық ойлауларын дамыту;
мәдениет, қосымша білім ұйымдары, жанұя, мектеп арасындағы байланысты нығайту және дамыту.

Лагерьдің маусымын өткізу және оны ұйымдастыруда қолданылатын принциптер:

1. **Қарым-қатынастың адамгершілік принципі:** жетістікке талпынған барлық қатынастардың адамға құрмет пен сенімнің негізінде құрылады. Балаға, ата-анаға, лагерьдің қызметкерлеріне адамгершілік тәсілінен кейін міндетті түрде педагогикалық үдерістің компоненттерінің негізін психологиялық тұрғыдан қайта қараған жөн.

2. Оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктері мен жетекші қызмет типін **ынтымақтастық типпен сәйкестендіру принципі:** «Күншуақ» ШСЛ тәрбиелік қызмет түрінің нәтижесі болып лагерьдің тәрбиеленушісі өзін шығармашыл тұлға ретінде сезінетін бала мен ересектердің ынтымақтастығы болып табылады.

3. **Демократиялық принципі:** барлық балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерді дамыту бағдарламасына қатысуы.

4. **Тәрбиенің дифференциациялау принципі:** жазғы сауықтыру лагерінің аясындағы дифференциациялау былай болжанады:

балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін тәрбие әдістері мен формасының арақатынасын, мазмұның таңдау;

ауысым (күн) аясында қызметтің бір түрінен екінші түріне ауысуға мүмкіндік жасау;

тақырыптық күннің аясында барлық іс-шаралардың бір-бірімен байланысы;

барлық қызмет түріне балалардың белсенді түрде қатысуы.

5. **Дербес шығармашылық принципі:** шығармашыл дербестігі – бұл өзінің бойындағы шығармашылық потенциалын дамытатын, жетілдіретін тұлғаның мінездемесі [7].

Лагерь қызметінің негізгі бағыттары:

Көркем-эстетикалық.

Тірек бағыттары:

дене тәрбиесі-сауықтыру қызметі;

еңбек қызметі;

ұлттық-патриоттық;

оқыту бағыттары;

бос уақытын ұйымдастыру қызметі;

үйірмелер қызметі.

Дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы

Дене тәрбиесі-сауықтыру қызметінің міндеттері:

балалардың денсаулығын нығайту;

жеке басының гигиенасы дағдыларын өндіру және нығайту;

салауатты өмір салтының әдеттеріне тәрбиелеу;

денсаулықты қорғау туралы білімдерін кеңейту;

балаларды дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысының әр түрлі формасына тарту.

Ұйымдастырудың негізгі формасы:

Таңғы гимнастика (жаттығу);

спорттық алаңда, стадионда спорттық ойындар;

таза ауадағы қимыл-қозғалыс ойындары (Ойындар – «Сенім жолы», «Территорияны жаулап алу»);

эстафеталар («Қызықты бастау» спорттық ойыны);

С-дәруменделуі.

Таңғы гимнастика 10-15 минут аралығында күнделікті жасалады: ауа-райы жақсы болса – таза ауада, күрт өзгерсе – желдетілетін ғимараттың ішінде. Бұл режим кезінде дене бітімін дамыту және шынықтырудан басқа негізгі міндеті бар – ол күні бойы дене бітімін жақсы ұстау және жақсы көңіл-күйді толықтыру.

Қимыл-қозғалыс ойындары өзіне дене тәрбиесінің негізгі элементтерін: жаяу жүріс, жүгіріс, секіруді қосады. Олар балалардың көңіл-күйін әсерлі бояуға, олардың жылдамдық, жансебілдік сияқты физикалық қасиеттерін дамыту, ал ұжымдық ойындар – достықты тәрбиелеуге ықпал етеді [8].

Эстетикалық бағыт

Табиғатта, қоғамда, адамдармен қарым-қатынас құруда біздің айналамыз әсемдікке толы. Оны тек түсіну, сезіну және көру керек. Мұндай қызықты өсімдер әр баланың бойында бар. Оны дамыту – эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеу деген сөз. Сол себепті эстетикалық тәрбие балалар сауықтыру лагерьлердегі педагогикалық қызметтердің маңызды бөлігі болып қала береді.

Эстетикалық қызметтің міндеттері:

балалардың бойына жақсы сезімді қалыптастыру;

қарым-қатынас пен мінез-құлықтың мәдени дағдыларын қалыптастыру;

балалардың бойына эстетикалық талғамды қалыптастыру.

Лагерьдегі адамгершілік-эстетикалық тәрбиенің аясында мынандай **бағыттар бойынша жұмыс жасаймыз:**

музыкамен, ән салумен, бимен айналысу;

кітаппен дос болу;

табиғатты түсіну, қорғау, меңгеру;

өнердің басқа да түрлері.

Өткізудің негізгі формалары:

Мұражайға, кинотеатрға, театрға бару;
«Біз кино түсіріп жатырмыз...», «Ең-ең...» байқаулары;
«Жасақ біздің үйіміз» жасақ бұрышын безендіру байқауы;
үйірме қызметтері;
лагерь хоры.

Көркем – шығармашылық қызмет

Көркем-шығармашылық қызмет – физикалық және рухани күштің пайда болуынан қанағаттанатын басқа тұлғаның басқа мақсатты көздемейтін белсенді адамгершілік саласы.

Лагерьдегі көркем-шығармашылық қызметтің негізгі міндеті – балалар мен жасөспірімдердің креативтілігін дамыту.

Көркем-шығармашылық қызметтің міндеттері:

баланың шығармашыл, тұлғалық белсенділігін дамыту;
өнерге, музыкаға, режиссураға және т.б. қызығушылықты қалыптастыру [8].

Көркем-эстетикалық қызметті ұйымдастыру формалары:

бейнелеу қызметі («Жасақ біздің үйіміз» жасақ бұрышын безендіру, «Ал біздің лагерьде ...» қабырға газеттері мен суреттердің байқауы);

байқау бағдарламалары («Алло, біз таланттарды іздейміз», «Үздік пародия»);

шығармашылық байқаулар («Танысыңыздар – бұл біз!»);

шығармашылық ойын бағдарламалар («Мыстандар»);

концерттер («Жұлдыз ағу»);

шығармашылық ойындар («Рекордтар ойыны»);

таланттар фестивалі («Шығармашыл толқын»);

көрмелер, жәрмеңкелер.

Лагерьде сурет салу балалардың көркем қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Сурет салу арқылы балалар бейнелеу қызметінің бір қатар дағдыларын меңгереді, көзбен көріп сақтауды нығайтады, қоршаған ортаның формасы мен түстерін байқауға және оларды бір-бірінен ажырата білуге үйренеді. Өз суреттерінде қиялдарын, өз әлемін басқа көзбен көруді іске асырады.

Еңбек қызметі

Еңбек тәрбиесі әр түрлі педагогикалық, қоғамдық маңызы бар еңбектің ұйымдасқан түріне балаларға еңбек дағдыларын беру, еңбексүйгіштікті, басқа да адамгершілік қасиеттерді, мақсатқа жетуде эстетикалық қарым-

катынасты, еңбек үдерісі мен нәтижесін дамыту мақсатында балаларды тарту үдерісі.

Жұмыстың негізгі формалары:

Өз-өзіне қызмет көрсету бойынша еңбек;
қоғамдық маңызы бар еңбек (іргелес жатқан аймақты жинау).

Лагерьдегі балалардың өз-өзіне қызмет көрсетуіне лагерь, асхана бойынша кезекшілік, жасаққа іргелес жатқан аймақтың қоқысын жинау жатады. Балалар өздері барып жүрген студияларда, секцияларда, үйірмелерде өз-өзіне қызмет көрсетуге жұмылдырылады.

Ұлттық-патриоттық тәрбие

Ұлттық-патриоттық тәрбиенің міндеттері:

ұлттық мәдениетті, тарихты, дәстүрді құрметтеу және сүйіспеншілікті қалыптастыру;

белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеу;

ҰОС қаһармандарымен және негізгі оқиғаларымен танысу.

Жұмыстың негізгі формалары:

суреттер байқауы;

шығарма, тақпақтар байқауы;

тақырыптық концерттер, тақырыптар бойынша әндерді жаттау;

Мәңгі өшпес оттың ескерткішіне бару [8].

Оқыту қызметі

Жазғы демалыс жағдайында балалардың таныс емес нәрсені, жаңаны тануға деген ұмтылысы жоғалмайды, бұл тек мектеп сабақтарынан, формаларынан өзгеше басқа нәрсені жүзеге асыруға деген ұмтылыс. Бір жағынан, балалар қоршаған орта, мектеп берген білімдерін тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға ұмтылады. Осыдан оқыту қызметінің негізгі міндеттері шығады:

қоршаған орта туралы жасөспірімдер мен балалардың білімдерін кеңейту;

өз білімі мен білігін жүзеге асыруда баланың қажеттілігін қанағаттандыру.

Жұмыстың негізгі формалары:

сапарлар, экскурсиялар;

қойылымдарға, концерттерге және т.б. бару;

психологиялық тесттер.

Балалардың қандай да бір қызығушылығын өзі туралы білуге көмектесетін психологиялық тесттер туындатады.

Бос уақытын ұйымдастыру қызметі

Бос уақытты ұйымдастыру қызметінің міндеттері:

бос уақытты ұйымдастыру формасының әр түріне балаларды көп мөлшерде тарту;

шығармашылық шеберханалардың қызметін ұйымдастыру.

Оның негізі әр түрлі қоғамдық маңызы бар рөлдер мен ережелерді еркін таңдауда жатыр, толеранттық, әдеп ережелері мен мінез-құлық нормалары бекітіледі, рухани адамгершілік қарым-қатынас үшін жағдай жасалады.

Бос уақытты ұйымдастыру қызметі – қарым-қатынастағы балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, белсенді қарым-қатынас үдерісі. Баланың дене бітімі мен зияткерлігін, шығармашылық қызметін дамыту арқылы оның мінез-құлық қалыптасады. Балалардың бос уақытын ұйымдастыру – баланың лагерьге келу кезеңіндегі оның өміріндегі бір тұтас үдерістің бір компоненті [8].

Бос уақытты ұйымдастырудың түрлері:

ойын-сауық қызметтің басқа түрінің шығындарын төлейтін өтемақы болып табылады. Бала көңіл көтере отырып өзінің бос уақытында, еңбек пен сабақта жүзеге асыра алмайтын физикалық және рухани қабілеттері мен икемдерін қосады. Ойын-сауыққа: саяхат жасау, серуендеу, ұсыныстар, спорттық жарыстарға, концерттерге бару жатады;

демалыс күнделікті қамқорлықтардан босатады, өзінің сезімдерін ашық көрсетуге, оны көтеруге мүмкіндік береді;

өзін-өзі оқыту балаларды мәдени құндылықтарға тартуға бағытталған. Өзін-өзі оқытуға: экскурсия, пікір-талас, іскерлік ойындар жатады;

шығармашылық – бос уақытты ұйымдастырудың ең жоғарғы деңгейі. Лагерьдің тәрбиеленушілері шығармашылық шеберханаларына барады;

ортақ қызығушылықтардың негіздерінде топтар, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жағдай жасауда **тілдесу (қатынас құру)** қажет.

Үйірме қызметі

Лагерьдегі тәрбиелік жұмыстың негізгі бағыты болып балаларды қызығушылықтары бойынша кіші топтарға біріктіретін үйірме қызметі болып табылады. Лагерьде үйірме қызметін ұйымдастыру вариативті, яғни ол әр маусымның мерзімінде педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ететін үйірмелер жұмыс жасайды.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту, ой-өрісін кеңейту.

Ол өзіне балаларды еңбекке деген сүйіспеншілік, табиғатты аялауға тәрбиелеу, жаңа құбылыстар мен пәндермен таныстыру, әдеп ережесі мен мінез-құлық тәртібін бекітудегі үдерісте бірлескен шығармашылықты дамытуды қосады. Балалардың жеке қызығушылықтарын дұрыс жүзеге асыру үшін жағдай жасалады.

Лагерьде үйірме қызметін ұйымдастыру бірнеше кезеңдерден тұрады:
балалардың қызығушылығын меңгеру;
ауысымның басында жиын барысында үйірмелердің тұсау кесерін жасау;
балаларды үйірме жұмысының режимімен таныстыру;
балалардың өздері үйірмелерді таңдап, оған жазылуы;
үйірмелердегі балалардың қызметтері;
балалар қызметтерінің ағымдағы нәтижесін көрсету;
ауысымның аяғында үйірме жұмысының қорытындысын шығару [8].

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі

I кезең. Дайындық (сәуір-мамыр).

Бұл кезең мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері ашылмай тұрып 2 ай ішінде жазғы ауысымға дайындық жұмыстарының жүргізілуімен түсіндіріледі. Мыналар осы кезеңнің қызметі болып табылады:

мектепті жазғы ауысымға дайындау бойынша директордың және директордың тәрбие бойынша орынбасарының жанындағы отырыстарды өткізу;

жазғы науқанды өткізу туралы мектепшілік бұйрықты шығару;

«Күншуақ» күндізгі уақыттағы балалардың мектеп жанындағы лагерь қызметінің бағдарламасын құрастыру;

лагерьдің қызметкерлері үшін әдістемелік материалдарын дайындау;

мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысы үшін кадрларды іріктеу;

лагерьдің қызметі үшін қажетті құжаттарды құрастыру (тор-жоспар, ережелер, лауазымдық міндеттер, нұсқаулар және т.б.);

сыйлық қорын қалыптастыру – мадақтамалар, сувенирлер;

құрал-жабдықтарды жинастыру: фонотека, спорттық құралдар, тұрмыстық заттар, аппаратура;

жасақ бөлмелерін, фойені безендіру;

«Өрт қауіпсіздігі», «ЖЖЕ», ата-аналарға арналған бұрыштарды безендіру;

Лагерьдің қызметкерлерімен нұсқаулықтарды өткізу.

II кезең. Ұйымдастыру (маусым).

Бұл кезең күні бойынша қысқа, бар болғаны 2-3 күн ғана.

Осы кезеңнің негізі қызметі мыналар болып табылады:

балалардың шығармашылық және ұйымдастыру қабілеттерін, көшбасшылықтарын анықтау бойынша кездесулер, диагностикалар өткізу;

«Күншуақ» бағдарламасын іске қосу;

лагерь өмірінің ережелерімен таныстыру.

III кезең. Тәжірибелік (маусым).

Осы кезеңнің негізгі қызметі мыналар болып табылады:

ауысымның негізгі идеясын жүзеге асыру;
ұжымдық-шығармашылық жұмыстың бірнеше түріне балалар мен жасөспірімдерді қамту;
шығармашылық шеберханалар жұмысы;
мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу;
оқушылардың тілектерін қалыптастыру үшін жағдай жасау арқылы олар өз еңбектеріне жауапкершілікпен қарайды, қоғамға пайда әкеледі;
оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

IV кезең. Талдау жасау (шілде).

Осы кезеңнің негізгі идеялары:
ауысымның қорытындысын шығару;
ұйым қызметінің болашағын құрастыру;
болашақта жазғы сауықтыру лагерьдің қызметі бойынша енгізілген ата-аналардың, педагогтердің, балалардың ұсыныстарына талдау жасау.

Бағдарламаның педагогикалық принциптері

- 1. «Әркімге жеткізу»** - бұл лагерь жұмысының негізгі принципі.
 - 2. «Нақты нәтиже мен шығармашылық үдеріске жұмыс жасау»** - бұл балалардың ақпаратты жасаушы, жаратушы принципі. Шеберханалардың жұмыстары көрмемен, қорытынды көрсеткіштермен аяқталады. Жетекшілер өздерінің не үшін, неге жұмыс жасап жатқандарын көз алдарына елестетулері қажет.
 - 3. «Баланың тұлғалығын құрметте»** – баланың тұлғасын аялау үшін жағдай жасалады.
 - 4. «Ашық есіктер принципі»** – күні бойы балаға шектеу болмайтындай лагерьдің барлық қызметі қолжетімді (шеберханалар, спорт, кітапхана алаңы).
 - 5. «Әркімнің өз жұмысы бар, ал барлығымыз командамыз»** – лагерьде әркім өз жұмысымен шұғылданады, өзінің жауапкершілігі, бірақ жалпы нәтижесі бар.
 - 6. «Қызыл сызық принципі»** – балалармен жұмыс барысында әлдебір қауіпте өтетін «су сызығы» әрқашан болуы керек. «Қызыл сызық» - бұл тәуекелдің, өлшемнің қыры, ойластырылған және барлығына қолжетімді қыры: балалар мен тәрбиешінің қарым-қатынасындағы достастық, бос уақыттың демократиялық саласы құрылатын таныстық – қатынастағы серіктестік.
 - 7. «Құдіретті үйме принципі»** – ортақ бос уақыт – ұжымдық жұмыс, жетістіктің қуанышы барлығына бірдей бөлінеді. Бірлескен шығармашылық әрекетті тиімді болатындай етіп әр қатысушысы оның қоғамдық маңыздылығы бар қызметтерді ортақ айқын ұғынатындай футболдың жеңісі мен мерекенің жетістігін айтуға болады.
- Өткізілетін іс-шараның міндеті мәртебелі болған сайын – теңестірілгенде – жалпы рух, оны өмір емес, өмірдің психологиялық ахуалы

бар маскарады жоғарырақ болады. Мәртебелі деп осы міндеттердің барлығының жүрегінен өткізу деп түсіну керек. Осындай жетістіктер үшін «Күдіретті үйме» керек, яғни бірдей ойлайтындардың одағы және орындалатын міндеттердің маңыздылығын санасымен түсіну қажет.

8. «Тау принципі» – балалармен ынтымақтастық жұмыстарында тау секілді жоғарғы шынды жоғалтуға болмайды. Балалардың күтетін әлемі жоғары, бірақ өмір деңгейі – төмен. Балалар армансыз, мұратсыз, бұзылған психикамен тапшы өмір сүреді. Соңғы кезде көп талқыланатын балалар сенімінің дағдарысын болдырмау үшін бос уақыт қызметінің, жұмыстың, сөздің биіктік жоспарын көтеру қажет. Таудағы адамдар әр уақытта да жоғарыға ұмтылады. «Тау принципі» асықпайтын адамдарды, бірақ биіктікке бағытталған тұрақты қадамдарды талап етеді.

9. «Антиканондардың принципі» – балаларды өте маңызды – олардың энергетикасы бар. Антиканондардың принципі ойлап табудың дөрекілігіне «түрткі болады», бала тұлғасын пікір-сайыс пен диалогтарды өмірмен байланыстырып қалыптастыруды ұсынады.

10. «Суға тасталған тастың принципі». Әрбір бала дамуға міндетті.

Ортақ құндылықтардың жеке жүзеге асырылуы - әлеуметтік мінез-құлықтың реттегіші.

Демек, шығармашылықтың ізі пайда болу үшін, нәтиженің шеңбері болу үшін әрқайсысын жұмысқа «суға тасталған тас» секілді қолдану керек.

11. «Баланың оң көзқарасының тірек принципі». Ескі даналық бар: баланың бойынан тек жақсылықты ізде, ол әрдайым өте көп. Жамандықты көру үшін мидің қажеті жоқ.

Жақсы бастамаларды көру мен оған арқа сүйеу үшін – бос уақытты ұйымдастыру және жалпы педагогиканың принципі қажет. Оң көзқарас пен ғажайып өмірге жақсылықты алып келеді. Бос уақытты сапалы ұйымдастыру балаларды мақұлдайды, түзейді, ақтайды.

Сонымен бірге, оның саласында міндетті түрде баланың оң әсеріне тірек қажет. Мұндай тірек қанағаттандырады. Баланың өсуін көріп оны бағалаған кезде бала өзін одан да жақсы сезінетін болып көрінеді [8].

Бағдарламаны жүзеге асырудағы жағдайлар

1. Нормативтік-құқықтық жағдайлар:

Бала құқығы туралы Конвенция, БҰҰ, 1991 ж.

Балаларды қорғау мен дамытуды қамтамасыз ету туралы Бүкіләлемдік Декларация 30.09.1990 ж.

Мектептің жарғысы.

Күндізгі уақыттағы лагерьдің ережесі.

Күндізгі уақыттағы лагерьдің ішкі тәртіп ережесі.

Техникалық қауіпсіздік, өрт сөндіру бойынша ережелер.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлеріндегі балаларға жарақатты, жайсыз жағдайларды алдын алу профилактикасы туралы нұсқаулар.

Экскурсия мен туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулар.

Білім басқармасының бұйрықтары.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары.

Дәрігерлік тексеруден өту туралы санитарлық ережелер.

Ата-аналардың өтініштері.

Келу және кері қайту күнінде балаларды тіркеуден өткізу ережелері.

Лагерьді қабылдау акті.

Жұмыс жоспары.

2. Материалдық-техникалық жағдай ұсынады:

	<i>Ескеру</i>	<i>Материалдық база мен қаржыландыру көзі</i>	<i>Жауапты</i>
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>
Кабинеттер	Ойын бөлмелері	Мектептің материалдық базасы. Шығармашылық шеберханалар, жасақтардың жұмысы, стенд дайындау мен байқаулар үшін кеңсе жабдықтарына қажетті ата-аналардың қаржылары	Лагерьдің басшысы, тәрбиешілері, техникалық қызметшісі
Спорттық залы	Спортпен, жарыспен айналысу, жиын (ауа райы күрт өзгерсе)	Мектептің материалдық базасы	Спорттық жетекші
Спорттық алаң	Жиын, таза ауада жалпы лагерьлік ойындарды, спартакиаданы, спорттық жарыстарды өткізу	Мектептің материалдық базасы	Спорттық жетекші

Мектеп ауласы	Жасақ жұмыстары, саяхат-ойындары	Мектептің материалдық базасы	Лагерьдің тәрбиешілері, әкімшілігі
Акт зал	Мерекелік іс-шаралар және концерттер, қойылымдарды қою, балалар шығармашылық шеберханаларының жұмысы	Мектептің материалдық базасы	Лагерьдің тәрбиешілері, әкімшілігі
Дәрігерлік кабинет	Іс-шараның дәрігерлік бақылауы	Мектептің материалдық базасы	Мектептің дәрігерлік қызметшісі
Мектеп кітапханасы	Лагерьдегі балалар мен педагогтер үшін әдебиеттер	Мектептің материалдық базасы	Кітапханашы
Мектеп асханасы	Таңғы ас, түскі ас, бесіндік	Әлеуметтік сақтандыру қоры	Ас бөлімінің меңгерушісі
Үйірме жұмыстарының бөлмелері	Қолөнер, сурет салу, модельдеу үйірмелері	Қолдан жасалған заттар мен үйірме сабақтарына қажетті материалдарды сатып алуға ата-аналардың қаражаттары	Лагерьдің басшысы
Әдістемелік кабинет	Тәлімгерлердің, тәрбиешілердің, үйірме жетекшілерінің шығармашылық шеберханалары	Мектептің материалдық базасы	Аға тәрбиеші
Гигиеналық бөлмелер	Дәретханалар, қол жууға, қол орамалдарын кептіруге, киім	Мектептің материалдық базасы	Лагерьдің басшысы, тәрбиешілері, техникалық

	шешуге арналған орындар		қызметшісі
--	-------------------------	--	------------

3. Кадрлық жағдайлар

Штаттық кестеге сәйкес бағдарламаны жүзеге асыруға мыналар жатады:

Ауысым үйлестірушілері:

лагерьдің басшысы, директордың ТЖ бойынша орынбасары;
 әлеуметтік педагог;
 дене тәрбиелеуші-педагог.

Жасақтардың кураторлары:

жасақтардың тәрбиешілері (мектептегі педагогтердің арасынан);

Шығармашылық шеберханалардың жетекшілері:

педагогтердің арасынан.

4. Әдістемелік жағдай ұсынады:

қажетті құжаттардың, бағдарламаның, жоспардың болуы;
 лагерьдің ауысымы басталмастан педагогтермен әдістемелік-нұсқаулы жиындарды өткізу;

ұжымдық шығармашылық жұмыстар;
 шығармашылық шеберханалар;
 жеке жұмыстар;
 рөлдік және іскерлік ойындар.

Диагностика

Кіріспе диагностикасы	Ауысымның басы. Балалар ұжымындағы алғашқы психологиялық ахуалды, ұсыныстар мен тілектерді анықтау: - сауалнама алу; - жасақтарда әңгіме жүргізу; - лагерь әкімшілігінің, тәрбиешілердің жоспары
Қадамдық диагностика	Лагерьдің жұмыстары мен іс-шаралардың нәтижелері бойынша жазба жүргізу. Жинақ отырысында әңгіме жүргізу.
Қорытынды диагностика	сауалнама алу шығармашылық пікір («Бірге біз жасақпыз» суреті) жасақтарда әңгіме жүргізу жазба жүргізу

Сауалнама жүргізу

1. Күншуақ қала тұрғынының сауалнамасы.

1. Тегі, аты-жөні _____
2. Туған күні _____, айы _____, жылы _____
3. Нешінші сыныпқа көштің _____
4. Мен лагерьге не үшін келдім _____
5. Тәлімгерді былай елестетемін _____
6. Менің ең сүйікті сабағым _____
7. Лагерь туралы менің алғашқы көңіл-күйім _____
8. Сіздің үйіңіздің тұрғыны қандай болу керек _____
9. Автобустың ішінде сіздің жүрегіңіз айныйды ма? _____
10. Сенің бір нәрсеге аллергияң бар ма (неге)? _____
11. Бұрын лагерьде болдың ба? (қайсысында) _____
12. Адамдармен тілдескенді ұнатасын ба? _____
13. Спортқа қалай қарайсың? _____
14. Өзім туралы қосымша хабарлағым келеді _____

2. «Мен лагерьде неге үйрендім» сауалнамасы

1. Мен лагерьде неге үйрендім?
 - Жаңа ойындарды ойнауды.
 - Өзімді жақсы ұстауды.
 - Жаттығу жасауды.
 - Сурет салуды, ән айтуды, билеуді.
 - Достықта өмір сүруді.
 - Табиғатқа, адамдарға басқаша қарауды.
 - Үстел үстіндегі барлық заттарды жеуге.
 - Адамдарды түсінуге, сыйлауға тәсіл табуды.
 - Табиғатты қорғауды.
 - Қоршаған ортаны түсінуді.
 - Салауатты өмір салтын ұстануды.
 - Бір-бірімізге көмектесуді.
 - Үлкендерді тыңдауды.
 - Ұжымда өмір сүруді.
 - Жақсылықты.
 - Дербес болуды.
2. Жасақ бойынша менің достарым болғандар:
 - Мені қоршаған ұл-қыздар.

- Тәлімгерлер, тәрбиешілер.
- «Күншуақ қаласының» барлық тұрғындары.

3. «Сен және мен туралы»

1. Тегі, аты.
2. Қай жасақтан боласын?
3. Жасың нешеде?
4. Лагерьде болғаннан есінде не қалды? (атап бер).
5. Лагерьде нені өзгертуге болады?
6. Қай тәлімгерді (сенің ойыңша) ең, ең деп айтуға болады...

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асыруда мыналар күтіледі:

1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, жалпы сауықтандыру.
2. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психологиялық күш-жігерін нығайту, көшбасшылық және ұйымдастырушылық, балалық өзінің қызметін және өзіндік дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
3. Ауысымға қатысушылардың ұжымдық және жеке шығармашылық пен еңбек қызметтің, әлеуметтік белсенділіктің білік, дағдыларын алуы. Толеранттық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.
4. Әлеуметтік маңызы бар қызметке балаларды жұмылдыру арқылы олардың шығармашылық белсенділіктерін арттыру.
5. Үйірме жұмыстарының нәтижелері бойынша жаңа білім мен білікті алуы (әнді, ойынды ойнауды жаттау, жобаларды құрастыру).
6. Балалардың ой-өрісін кеңейту.
7. Оқушылардың жалпы мәдениеттілігін әлеуметтік-адамгершілік нормаларды қолдану арқылы арттыру.
8. Ауысым қатысушыларының жеке өсуі.

**Теміртау қаласы №27 ЖОББМ-нің
«Қиял-ғажайып ел» балаларды сауықтыру ұйымында
балалардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру
бағдарламалары**

Түсінік хат

Қазіргі уақытта қоғам нақты педагогикалық жүйелерде, оның ішінде жазғы кезеңде тұлғаға және оның өзін-өзі тануына бағытталған білімнің мәдени мақсатын іске асырудың қажеттілігін мойындады. Жазғы демалыстар оқушылардың бос уақытының көп мөлшерін құрайды, бірақ барлық ата-аналар өз баласына дұрыс ұйымдастырылған демалысты толықтай бере алмайды. Әр ата-ана каникул кезінде баланың қандай да бір қызмет түрімен шұғылданыуын армандайды.

Білім ұйымдары балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайтуды ұйымдастырудың негізгі ұйымдастырушылары болып қала береді. Қазіргі уақыттағы балалардың жазғы жұмыспен қамтылуы – бұл тек әлеуметтік қорғау емес, бұл заманауи өмірді ескере отырып жас адамның социализациясы үшін жағдай жасау, шығармашылықты дамыту, баланың танымдық және рухани әлемін байыту аясы.

Жазғы каникул кезінде жыл бойы жинақталған шиеленісушілікті бәсеңдету, шығармашылық потенциалды дамыту, жұмсалған денсаулықты, күш-жігерді қайта қалпына келтіру басталады. Мұндай функцияны балалардың күндізгі уақыттағы лагері орындайды. Көптеген жанұялар экономикалық және әлеуметтік қиын жағдайларда болған кезде осындай бос уақытты ұйымдастыру формалары балаларды тәрбиелеу мен сауықтыру жүйесінде маңызды рөл ойнайды. Бірлесіп атқарылатын жұмыстар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі [9].

Алдымыздағы жаздың мақсаты – каникул кезінде №27 жалпы білім беретін мектеп балаларының бос уақытын ұйымдастыру және көп мөлшерде сауықтыру қажеттілігін қанағаттандыру, балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру және бос уақытын ұйымдастыру, балалардың сауықтыру жүйесін әрі қарай дамыту, тұрақтандыру және сақтау.

«Жаз 2013. Қиял-ғажайып ел» балалардың сауықтыру ұйымындағы жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастырудың кешенді бағдарламасы «2011-2015 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы 86-р қаулысына сәйкес дайындалды және балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін, сонымен бірге жазғы мерзімде мектептің қызметін бір қалыпты жоспарлауды есепке ала отырып олардың бос уақытын

ұйымдастырудың түрлі формалары арқылы қойылған міндеттерді кешенді түрде шешуді қарастырады.

Жазғы каникулда мектеп жасындағы балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру мен сауықтыруды ұйымдастыру төменде берілгеннің негізінде бағдарлама құрыла бастады:

- оқушылардың демалысын ұйымдастыруға деген ата-аналардың тарапынан сұраудың артуы;
- алдыңғы жылдары демалған балаларды күндізгі уақыттағы жазғы сауықтыру лагерьлерінде жұмыспен қамтумен қамтамасыз ету;
- каникул кезінде балалардың жұмыс формасына жаңасын енгізу арқылы ескі формаларды жаңғырту;
- бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда педагогтер мен жасөспірімдердің бай шығармашылық потенциалын қолдану қажеттілігі.

Жазғы демалыс – баланың оқу қызметінің тоқтатылуы емес. Бұл білім алуды жалғастыру, әлеуметтендірудің белсенді мезгілі. Сол себепті жазғы мезгілде оқушылардың бос уақытын қамтамасыз ету балалар мен жасөспірімдердің білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады [9].

Жазғы мезгілде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру және оларды сауықтыру жағдайындағы жетекші құндылықтар болып табылады:

- 1) оқушылардың физикалық тұрғыдан сауықтырулары;
- 2) тәрбиеленушілердің эмоционалды-психологиялық тұрғыдан денсаулығын сақтау және нығайту.

Берілген бағдарлама өзінің бағыты бойынша кешенді болып саналады, себебі, ол өзіне түрлі жоспарлы қызметті қосады, күндізгі уақыттағы жазғы сауықтыру лагерьдің жағдайында жазғы мезгілде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, бос уақытын ұйымдастырудың әр түрлі бағытын біріктіреді.

Ұзақтылығы бойынша бағдарлама қысқа мерзімді болып келеді, себебі жазғы мезгілде №27 мектептің оқушылары мен жақын аймақтағы шағын аудандағы 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға арналып жүзеге асырылады.

Жинақтау кезінде тұрмыс жағдайы төмен, көпбалалы және толық емес жанұядағы, сонымен бірге өмірдің қиын кезеңіне тап болған балаларға ерекше көңіл бөлінеді.

«Жаз 2013. Қиял-ғажайып ел» балалардың сауықтыру ұйымындағы жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастырудың бағдарламасы балаларды қызықтыратын және белсенді қызметке жұмылдыратын тәрбие жұмысындағы әдістемелік шешімдердің жаңа түрін, формаларды іздеу, оқушыларды дамыту, баланың тұлғалық қызметін ортаға салады. Жоғарыда айтылғаннан жазғы мерзімде балалардың қызметі мен демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттары анықталды:

- көркем-эстетикалық;

- спорттық-сауықтыру;
- азаматтық-патриоттық.

№27 ЖББМ ҚММ базасында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатымен мыналар құрылады:

- балалардың жазғы сауықтыру күндізгі уақыттағы лагері (1-5 сынып);
- «Жетістік» жазғы мектебі (0-4 сынып);
- «Жазғы мектеп» (5-9 сынып).

Бағдарламаның нормативтік-құқықтық қамсыздануы

Бағдарлама төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын есепке алып құрылды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан-2050 Стратегиясы» Қазақстан Республикасы Президентінің Халыққа жолдауы;
- Тәрбиелік компонентті күшейту бойынша типтік кешенді жоспары;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдама;
- Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдама;
- Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі әскери-патриоттық тәрбие туралы (әскери-патриоттық тәрбиенің моделі) тұжырымдама;
- Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөнінде тұжырымдама;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы тұжырымдама;
- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасындағы «Бала құқығы туралы» Заңы;
- «Білім туралы» Заңы;
- «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заң;
- «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заң;
- «Неке және отбасы туралы» Заң;
- «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Заң;
- «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң;
- «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заң;
- Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбиенің мемлекеттік бағдарламасы;
- Спорт және дене шынықтыру туралы мемлекеттік бағдарлама;
- Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі бағдарлама;
- «2011-2015 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын

ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы 86-р қаулысы;

«2013 жылы жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» «Теміртау қаласы ФК және С, 00» ММ 2013 жылғы 30 мамырдағы №89 бұйрығы.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты: жазғы мезгілде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, бос уақыты мен сауықтырылуын ұйымдастыруды кешенді шешу; балаларға қамқор көрсететін және әлеуметтік қорғалмаған жанұяларды да есепке ала отырып балалар мен жасөспірімдердің демалысын, бос уақытын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

- балалардың демалысын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- балаларды физикалық және психологиялық тұрғыда толық дамуына ықпал ету, денсаулығын нығайту;
- құқық бұзушылық пен қадағалаусыз профилактикасы; өмірдің қиын кезеңіне тап болған балалар мен жасөспірімдердің жұмысын ұйымдастыру;
- оқушылардың жазғы демалысын, бос уақытын ұйымдастыруға қоғамдық ұйымдарды және ата-аналарды жұмылдыру;
- балалар мен жасөспірімдерге арналған іс-шараларды күнделікті ұйымдастыру;
- балаларды мәдени құндылықтарға қосу, бос уақыттың қызметіне тарту;
- оқушыларды жетістіктерге жету үшін негізгі жолдардың біріне, салауатты өмір салтына қосу;
- жазғы науқанды ұйымдастыру аясында іс-шаралар жүйесі арқылы жазғы кезеңде балалардың жол-көлік жарақаттарын алдын алу;
- жазғы жұмысты ұйымдастыруда қауіпсіздік өлшемдерін қамтамасыз ету.

Бағдарлама төмендегі принциптердің негізінде құрылды:

1. Оқу-тәрбиелеу және сауықтыру жұмысының әр түрлі формаларын кіріктіру және дифференциациялау принциптері.
2. Табиғи жинақтылық принципі – жазғы демалыстың формасын анықтауда жас ерекшеліктерін, жынысын, жеке қажеттіліктерін есепке алу.
3. Қолдау және жетістік принципі – баланың өз таңдауына сәйкес оның жеке қажеттілігі мен қызығушылығын ескеріп жазғы демалыс пен бос уақытты ұйымдастырудың формасын таңдауға мүмкіндік туғызу.
4. Ресурстарды көбейту принципі былай түсіндіріледі: бағдарламаны жетістіктерге жеткізу үшін (қойылған міндеттерді оңтайлы орындау) оны

дайындау және іске асыруда барлық мүмкіндіктер қолданылады (материалдық-техникалық, кадрлық, қаржылық, психология-педагогикалық және т.б.).

5. Балалар бірлестігінің қызметін демократизациялау принципі [9].

Бағдарламаның ерекшелігі

Бағдарламаны жүзеге асырудағы негізгі бағыттар:

Бағдарламаның негізіне жазғы каникул кезеңінде салауатты өмір салтына жағдай жасау, оқушылардың денсаулығын нығайту және сақтау, бағдарлама өз бағыты бойынша кешенді болып табылады, ол өзіне әр түрлі жоспардағы қызметті қосады, балалардың тәрбиесі мен демалысына, сауықтырылуына әр түрлі бағыттарды біріктіреді.

2013 жылғы іс-шаралардың тақырыптық бағыттары:

- Балаларды қорғау күні;
- Қазақстан Республикасының рәміздер күні;
- Астана күні;

Басымдылық азаматтық-патриоттық, спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық тәрбие беруге беріледі.

Тәрбиенің негізгі бағыттары

Бағыттары	Қызмет формалары
Көркем-эстетикалық тәрбие	
<p>Бұл бағытта балалардың көркем және эстетикалық тәрбиесі көрсетіледі. Осы бағыт бойынша өткізілетін әр түрлі іс-шаралар балалардың бойындағы жауапкершілікті, сенімділікті, шыншылдықты, басқа адамдар мен берілген тапсырмаға, сонымен бірге табиғатты аялауға, өзіне деген құрмет пен сыйластықты дамытуға ықпал етуі керек.</p> <p>Бұл бағыт балалардың шығармашылық және жаңа бастамаларына ықпал етуі қажет. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасау қажет, себебі бағыт бойынша өткізілетін іс-шаралар өзін-өзі жетілдіруге, өмірде өзін-өзі іске асыруға жақсы әсер береді.</p>	<p>- туған өлкенің (аудан, қала), гимназия, ҚР рәміздерінің тарихы туралы әңгіме жүргізу, викториналарды ойнату;</p> <p>- жиындар;</p> <p>- байқаулар;</p> <p>- мерекелер, ертеңгіліктер;</p> <p>- плакаттар, суреттердің байқаулары;</p> <p>- театрға, көрмелерге, мұражайларға бару.</p>
Спорттық-сауықтыру тәрбие	
Бұл бағытқа салауатты өмір салтын	- күнделікті таңғы жаттығуларды

<p>насихаттайтын іс-шаралар кіреді. Дене тәрбиесі, ӨҚН, өрт қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету бойынша әр түрлі кездесулер, экскурсиялар, жарыстар, байқау бағдарламалары құрылады және өткізіледі.</p> <p>Дене шынықтыру мен спорт арқылы дене тәрбиесінің міндеттері шешіледі: балалардың дене бітімін дамыту, денсаулықты нығайту. Шығармашылық тұрғыдан қарапайым таңғы гимнастиканы да өте қызықты қылып өткізуге болады.</p>	<p>жасау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - спорттық сайыстар; - мектеп базасындағы спорттық секциялардың жұмысы; - спорт бойынша викторина, байқаулар, әңгімелесу; - Денсаулық күні; - салауатты өмір салты тақырыбы бойынша викторина, әңгіме жүргізу; - өрт қауіпсіздігі тақырыбы бойынша СӨС туралы плакаттардың байқауы; - дәрігерлік қызметкерлер, жолда жүру инспектрлерімен кездесулер; - өрт бөліміне экскурсия жасау.
--	--

Азаматтық-патриоттық тәрбие

<p>Бұл бағыт өзіне патриоттық, мәдени және тарихи мінезі бар іс-шаралардың барлығын қамтиды. Мұндай бағыттағы іс-шаралар балалардың бойына туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, патриоттылықты, өз мемлекеті үшін тақпарлық сезімін, оның тарихы мен мәдениетін тәрбиелеуі керек.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Еске алу жиындары (22 маусым, Еске алу күні); - викториналар, әңгімелесу (Рәміздер күні, Астана күні).
--	---

Бағдарламаны қамсыздандыру

Әдістемелік қамсыздандыру

- әдістемелік журналдар;
- әр түрлі бағытты ұсынатын құралдар.

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
Еңбек және жазғы сауықтыру бірлестіктер жетекшілерінің оқуларын өткізу.	Мамыр, маусым	Директордың тәрбие бойынша орынбасары
ТҚ және ЕҚ бойынша мақсатты нұсқауларды өткізу	Жұмыстың басында	«Жаз-2013. Қиял-ғажайып ел» штабының бастығы
Маңызды мерекелердің,	Мамыр-тамыз	Лагерьлердің

байқаулардың және т.б. әдістемелік нұсқауларын дайындау		бастықтары, директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, шығармашылық бірлестіктердің жетекшілері
Жасақ командирлері, тәлімгерлер, штабтардың командирлері үшін тренингтер өткізу (балалардың өзін-өзі басқаруы).	Жазғы мерзімде ай сайын	Шығармашылық жұмысты ұйымдастырушы

Кадрлық қамсыздандыру

Балаларды дамыту мен сауықтырудың бастапқы деңгейі білім, біліктен және лагерьдің өмір қызметін ұйымдастыратын ересектердің жұмысын дайындауға бағынышты болады.

Бағдарламаны жүзеге асыруда білім беру ұйымындағы тәжірибелі педагогтер мен тәлімгерлер ретінде жоғарғы сыныптардың білім алушылары қатысады:

- мектеп директоры (1);
- ОЖ бойынша директордың орынбасары (1);
- лагерьдің бастығы (2);
- тәрбиешілер (20);
- тәлімгерлер (10);
- спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы (2);
- дәрігер (1);
- аспазшылар (2);
- лагерьдің техникалық қызметкерлері (3).

Мектептің бұйрығы бойынша лагерьдің бастығы, шығармашылық жұмысты ұйымдастырушы, ұйымдағы педагогтік қызметкерлердің арасынан тәрбиешілер тағайындалады.

Лагерьдің бастығы оның қызметін басқарады, құжаттарды жүргізеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты.

Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырушы тәрбиелік қызметтерді ұйымдастырады, спорттық ұйымдар мен мәдени-ағартушылардың байланысын іске асырады.

Мектеп жанындағы тәрбиешілер, жазғы лагерьдің жетекшілері балалардың денсаулығы мен өміріне жауапты, күн тәртібін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық нормаларын сақтау, сауықтыру-тәрбие мен бос уақытты

ұйымдастыру. Бағдарламаның іс-шараларын өткізу аясында жасақтардың қызметін және өзін-өзі басқару органдардың жұмыстарына талдау жасайды.

Арнайы кадрлар (кітапханашы, дене шынықтырушы, әлеуметтік педагог, музыкалық қызметкер) функционалдық міндеттерінің аясында бос уақытты ұйымдастыратын іс-шараларды ұйымдастыру үшін арнайы педагогикалық қызметтерді іске асырады.

Пән мұғалімдері өз үйірмелерінің қызметтік мазмұнына, нәтижелігіне жауап береді, балаларды қызметке жұмылдырады, көпшілік іс-шараларды дайындауға ат салысады.

Материалдық-техникалық база

Материалдық-техникалық жағдай ұсынады:

1. Әр түрлі іс-шараларды өткізу үшін алаң құру және оңтайлы жағдай жасауда таңдаудың болуы.

2. Балалардың шығармашылығы мен безендіру үшін қажетті материалдар:

- ватман, бояулар, қылқаламдар;
- түрлі-түсті қағаз;
- фломастерлер;
- сурет салуға арналған қағаз;
- маркерлер; борлар; қарындаштар; гуашь.

3. Кеңсе заттарының болуы.

4. Бейнетехникасы мен аудиоматериалдар.

5. Ынталандыру үшін марапаттар мен сыйлықтар.

6. Спорттық құрал-жабдықтар (доптар, секіргіштер, үстел үстіндегі ойындар).

Ескеру

- *кабинет (5 тал)*. Жасақ орны, мерекелік іс-шаралар мен концерттер, қойылымдарды қою, балалардың шығармашылық шеберханаларының жұмысы;

- *спорттық зал (1 тал)*. Спорттық сабақтар, сайыстар;

- *акт залы (1 тал)*. Оқу және ойын-сауықтық іс-шараларды өткізу;

- *спорттық алаң (1 тал)*. Жиын, таза ауада ойындарды, спартакиаданы, спорттық сайыстарды өткізу;

- *мектеп ауласы*. Саяхат ойындары, жасақ жұмыстары;

- компьютерлік сынып (1 тал). *Үйірме жұмысы*;

- *мектеп кітапханасы*. Лагерьдегі балалар мен педагогтер үшін әдебиеттер;

- мектеп асханасы (1 тал). *Таңғы ас, түскі ас*.

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі

Бағдарламаны жүзеге асыруда мектептің педагогикалық ұжымын, қосымша білім педагогтерін, қосымша білім ұйымдары мен мәдениет саласындағы педагогтерді қатыстыру ұсынылады.

Бағдарламадағы іс-шаралардың тізімі материалдық-техникалық, кадрлық және ұйымдастырушылықты қамсыздандыруды қоса мерзімді үйлестіру, бірі-бірімен байланысқан нақты міндеттерді шешуді көздейді.

Жазғы мерзімде балалардың бос уақытын, денсаулығын нығайту үшін оңтайлы жағдай жасау бойынша кешенді іс-шараларды өткізу жоспарланады.

Балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын ұйымдастырумен айналысатын педагогтер ұжымын дамыту және қолдау көрсету қарастырылады.

Мектептегі жазғы науқан жұмысының аяқталуына, күндізгі уақыттағы жазғы лагерьдің жұмысын ұйымдастыру бойынша жинақталған тәжірибені тарату және әдістемелік жинақтауға байланысты педагогикалық отырыстарды өткізу белгіленеді.

«Әдістемелік қор» бойынша іс-шаралар қарастырылады [10].

Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

1. Әдістемелік-ұйымдастыру (мамыр):

- алдыңғы ауысымдағы жұмыстардың нәтижелерін есепке алу, ата-ана мен балалардың қызығушылықтарын меңгеру;
- балаларды сауықтыру бойынша жұмыстардың әдістерін, формасын, міндетін таңдау;
- мектеп оқушыларының жазғы қызметі бойынша ақпараттарды жинау;
- балалармен жұмыс жүргізу үшін тәрбиешілер мен жетекшілік ететін кадрларды таңдап алу;
- материалдық базаны дайындау;
- әдістемелік-нұсқаулық отырыстарын өткізу;
- жазғы сауықтыру науқанының нормативті базасын құру;
- әр түрлі ведомствалық ұйымдардың қызметін үйлестіру;
- жасақтарды жинақтау.

2. Мазмұнды-қызметтік кезең (маусым-тамыз):

- бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жазғы сауықтыру науқанын өткізу;
- білім алушылардың демалысын, жазғы еңбегін ұйымдастыру бойынша бағдарламалық әдістер мен әдістемелік құралдарын құру.

3. Талдау – бақылау кезеңі (тамыз-қыркүйек):

- жазғы сауықтыру науқанның қорытындысын шығару;
- инновациялық тәсілдерді анықтау, лагерь жұмысын талдау;
- бағдарламаны жүзеге асыру бойынша мектеп қызметін талдау.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы кешенді шаралар

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1. Мектептегі жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша өлшемдер туралы бұйрық.	25 мамырға дейін	Мектеп директоры Каменецкая Н.А.
2. «Жетістік» - жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру (0-4 сынып); - жазғы мектеп (5-9 сынып).	27 мамырға дейін	Сафронова И.А. – бастауыш сынып мұғалімі. Быкова А.И. – биология пәнінің мұғалімі.
3. 1-4 сыныптарға арналған күндізгі уақыттағы жазғы сауықтыру лагерінің бағдарламасын құрастыру (3 маусымнан 29 маусымға дейін 2 ауысым)	27 мамырға дейін	Корепанова О.В., Тен И.К. – лагерьлердің бастықтары
4. Жазғы лагерь үшін үйірме жұмысының бағдарламасын қосымша құрастыру: бейнелеу үйірмесі, музыка үйірмесі, спорттық секция.	27 мамырға дейін	Павлова О.В. – еңбек пәнінің мұғалімі, Горшкова В.Н. – бастауыш сынып мұғалімі, Манакова Н.Г. - дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.
5. Лагерьдің қызметкерлері мен тәрбиешілердің дәрігерлік тексеруден өтулерін ұйымдастыру.	27 мамырға дейін	Ходжаева Н.А. - дәрігер
6. Лагерь үшін қажетті құрал-жабдықтарды дайындау.	27 мамыр	«Жаз-2013» штабының бастығы, лагерьдің бастығы, жасақтардың жетекшілері.
7. «Жаз-2013» ақпараттық папкасын безендіру	25 мамыр	Сергеева И.В., директордың ОЖ бойынша орынбасары

8. Лагерьдің ашылу және жабылу салтанатының, Астана күнінің, Рәміздер күнінің, Еске алу күнінің (22 маусым) сценарийін құрастыру	27 мамыр	Чернова Л.Н. – шығармашылық жұмысты ұйымдастырушы
--	----------	---

Бағдарламаны жүзеге асырудағы жағдай

1. Педагогикалық кадрларды таңдап алу.
2. Әркімнің дамуына жағдай жасайтын қызмет түрінің әртүрлілігі.
3. Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және зияткерлік ерекшеліктерін, жасерекшеліктерін есепке ала отырып педагогикалық әдіс-тәсілдерді таңдап алу.

Жаз мезгілінде білім алушылардың жұмыспен шұғылдану формасы

Бағдарлама жазда білім алушылардың келесі жұмыспен шұғылдануын ұсынады:

- «Жаз-2013. Қиял-ғажайып ел» Балалар сауықтыру ұйымы» №27 ЖББМ ҚММ базасындағы күндізгі уақыттағы жазғы сауықтыру лагерінде;
- қызығушылықтары бойынша шығармашылық бірлестіктерде (үйірмелер), спорттық секцияларда;
- мектептің спорттық алаңында, спорттық залдарда балалардың шұғылдануы;
- қамқорлықтағы балалар, жетім балалардың бос уақытын қамту;
- аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мен мүгедек балалардың бос уақытын қамту;
- аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, қамқорлықтағы балаларға және мүгедек балаларға көмек көрсету [10].

Бағдарлама мазмұнының диагностикасы

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1. Бағдарламаны ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша сұрақтарды директордың жанындағы отырыста қарастыру қажет.	Сәуір-мамыр	Сергеева И.В. – директордың ОЖ бойынша орынбасары
1.1 Директордың жанындағы кеңес. 1.1.1 «Жаз-2013» бағдарламасының	Сәуір-мамыр	Корепанова О.В.

жүзеге асырылуын дайындау. 1.1.2 «Жаз-2013» комиссия қызметінің талдауы	Тамыз	Корепанова О.В., Тен И.К., Сафронова И.А., Быкова А.И.
2. «Жаз-2013» комиссиясы. 2.1 Барлық түрдегі бірлестік жетекшілерінің есебі. 2.2 Секция мен үйірме жұмысы туралы. 2.3 Әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған білім алушылардың бос уақытын қамту.	Ай сайын	Бірлестіктер, үйірме, секция жетекшілері, әлеуметтік педагог.
3. Жаз мезгіліндегі №27 ЖББМ білім алушыларының бос уақыты туралы ақпаратты тапсыру. 3.1 Әлеуметтік көмекті қажет ететін білім алушылардың тізімі. 3.2 9-сыныптарды анықтау үшін ақпарат. 3.3 Жазғы мезгілдегі жұмыс туралы ақпарат. 3.4. Жаз мезгіліндегі бос уақытты қамту бойынша есеп беру (факті бойынша)	25.05.2013 ж. 25.08.2013 ж. 25.08.2013 ж. 25.08.2013 ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілері Шығармашылық жұмысты ұйымдастырушы Директордың ТЖ бойынша орынбасары

«Жаз-2013» штаб бастығына қажетті құжаттар:

- барлық ауысымдарға ТЖ мен СЭС басқармаларының рұқсат қағаздары;
- лагерь бойынша бұйрықтар;
- дәрігердің қолымен бекітілген қызметкерлер мен балалардың тізімі (мектепте оқитын білім алушылар үшін);
- лагерьдің жұмыс кестесі;
- лагерь, мерекелер, үйірмелер қызметінің бағдарламасы;
- барлық бірлестіктердің жұмыс жоспары (тәрбиелік, сауықтыру) –

күнделікті және күнтізбелік;

- ата-аналардың өтініші;

- ЕҚ және ТҚ бойынша құжаттар;

- лагерь қызметкерлері үшін ЕҚ және ТҚ бойынша нұсқауларды есепке алу журналы;

- балалар мен жасөспірімдер үшін өрт қауіпсіздігі, суда жүзу, ЖЖЕ, ТҚ, ЕҚ бойынша нұсқауларды есепке алу журналы;

- тамақтану ведомосі;

- балалар мен жасөспірімдердің қатысуын есепке алу журналы;

- күнделікті бақылау бойынша құжаттар:

- тәрбие жұмысы бойынша;

- сауықтыру бойынша;

- тағам бөлімін бақылау бойынша (күнделікті мәзірдің болуы және оның бағасы көрсетілуі керек);

- бөлмелердің санитарлық жағдайы бойынша.

- Әр ауысым бойынша есеп беру.

Жаз мезгіліндегі дәрігерлік қызметкерге қажетті құжаттар:

- лагерь қызметкерлері мен балалардың толық ашық түрдегі тізімі;

- тағам бөліміндегі қызметкерлерді қоса лагерьдегі барлық қызметкерлердің санитарлық кітапшаларының болуы;

- балаларды лагерьге қабылдау кезіндегі алғашқы тексерістердің нәтижелері;

- дене тәрбиесімен айналысу үшін балаларды дәрігерлік топтарға бөлу;

- тағам бойынша бақылау құжаттары;

- санитарлық эпидемияға қарсы шараларды өткізу бойынша құжаттар;

- әр ауысым бойынша есеп беру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Боловитинов В.Н. Сенің бос уақытың. Қызықты тапсырмалар, тәжірибелер, ойындар. - М., 1970.
2. Григоренко Ю.Н., Кострецова У.Ю., Кипарис-2: Мектепте және балалар сауықтыру лагерьлерінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша оқу құралдары. М.:Ресейдегі педагогикалық қоғам, 2002.
3. Жұмысқа - уақыт, сайрағанға - сағат / Құрастырушы: Л.И. Жук. - Мн.: ООО «Красика-принт» баспасы, 1999. - 128 б.
4. Жазғы лагерьде ойын және шығармашылық іс-шараларды, бос уақытты ұйымдастыру. С.И. Лобачева. Мәскеу: ВАКО, 2007 ж.
5. Таран Ю.Н. Жаздың әлеуметтік-педагогикалық бағыты: бейінді ауысымдардың тәжірибесі. Ғылыми-әдістемелік құрал. – Липецк: ГУП «ИГ «ИНФОЛ», 2002.
6. Бағдарламаларды құру әдістемесі – НООЦАП «Жасыл көше», Новосибирск қаласы.
7. В.И. Ланцберг и М.Б. Кордонский Технологиялық топтар – 4 басылым, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.
8. Шмаков С.А. Каникулдар. Қолданбалы энциклопедия: Мұғалімге, тәрбиешіге, тәлімгерге. - М., 1994.
9. Куприянов Б.В., Миновская О.В., Ручко Л.С. Балалар сауықтыру лагеріндегі рөлдік ойын.//Владос - 2010.
10. Шмаков С.А. Ойын-сауық. - Липецк,: Ориус, 1994. - 126 б.
11. Ғаламтор ресурстары.